ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

СЕНБІ
№128 (3985)
28.08.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢБЕГІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымы Дайындық комиссиясының атқарушы хатшысы Роберт Флойдты қабылдады.

Елбасы Р.Флойдты Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт ұйымы Дайындық комиссиясының басшысы болып сайлануымен құттықтап, жауапты қызметіне табыс тіледі.

– 29 тамызда Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойғаныма 30 жыл толады. Содан бері біз ядролық қаруға қарсы талмай күрес жүргізіп келеміз. Қазақстан ядролық сынақтардың ауыртпалығын басынан өткерген ел: мемлекетімізде 500-ден астам жарылыс болып, көп адам зардап шекті. Біз полигонды жабумен қатар, көлемі жағынан дүниежүзіндегі төртінші ядролық арсеналдан бас тарттық. Мен биыл Ресей мен АҚШ арасындағы стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту және шектеу жөніндегі келісімнің ұзартылғанына қуаныштымын. Осы жылы Ядролық қаруға тыйым салу шарты күшіне енді. Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қол қойып, ратификациялаған елдердің қатары артып келеді. Бұл жұмыс жалғасын табады деп үміттенемін, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның антиядролық бағыттағы күш-жігерін жоғары бағалағаны үшін ризашылығын білдірді.

– Біз ядролық қаруға қарсы күреске және ядролық сынақтарға тыйым салуға арналған барлық іс-шараға атсалысып келеміз. Осы жұмысты жоғары бағалағандарыңыз үшін алғысым зор. Біздің ұсынысымыз бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Өз кезегінде Р.Флойд ядролық қарусыздану, ядролық қаруды таратпау, сондай-ақ атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану ісіне зор үлес қосқан көрнекті тұлғамен кездесу мүмкіндігіне ие болғаны үшін алғысын білдірді.

– Сіз Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартты жүзеге асыруға ерекше ықпал еттіңіз. Сіздің қосқан үлесіңіз зор, оның әсері де мол, – деді Р.Флойд.

Азаматы қаза тапқан отбасыларға көңіл айтты

Елбасы Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасына Жамбыл облысы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Байзақ ауданындағы төтенше жағдай салдарын жою үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат берілді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті төтенше жағдай кезінде қаза болған адамдардың туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

Көмек көрсету жайын талқылады

Нұрсұлтан Назарбаев Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында Қазақстанның Тұңғыш Президентіне Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы төтенше жағдайға байланысты өңір халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыс жайында мәлімет ұсынылды.

Елбасы барлық зардап шеккен адамдарға көмек көрсетудің және төтенше жағдай салдарын жоюдың маңызын атап өтті.

Өзбекстан Президенті көңіл айтты

Өзбек тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Өзбекстан басшысы Жамбыл облысында болған қайғылы да төтенше оқиғаға байланысты Қазақстан Президенті мен халқына көңіл айтты. Шавкат Мирзиёев қайтыс болған азаматтардың отбасыларына қолдауы мен жұбату сөздерін жеткізуді сұрап, зардап шеккендердің сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

Әңгімелесу барысында тараптар Ауғанстандағы қазіргі жағдайға қатысты пікір алмасты.

Мемлекеттер басшылары екіжақты және көпжақты деңгейде тығыз байланыстарды нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыра беруге мүдделі екенін нақтылады.

ЖАМБЫЛДАҒЫ ЖАРЫЛЫС: сақтануды үйрене алмай жүрміз

26 тамызда Жамбыл облысында болған апат қазақстандықтарды елең еткізді. Әулиеата жерінде тағы да әскери қойма жарылды. Тағы да дейтініміз мұндай апат соңғы екі жылда екінші рет болып отыр. Өкінішке қарай, апат салдарынан қаза тапқандар бар.

Ресми мәліметтерге қарағанда, Жамбыл облысы Байзақ ауданы №28349 әскери бөлімінің оқ-дәрі қоймасындағы жарылыстан қаза тапқандар саны 12-ге жеткен. Жараланғандар саны да біршама. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жарылыс болған сәттен-ақ жедел әрекеттер жасалғанын айтты. Бейсенбінің кешінде Таразға бірнеше министр барды. Ол жайлы Мемлекет басшысы Twitter-де жазды. Қоймадағы өртті сөндіруге Төтенше жағдайлар министрлігінің 153 қызметкері мен 46 техникасы, Полиция департаментінің 400 қызметкері мен 54 техникасы, №28349 әскери бөлімінен 8 қызметкер, 2 техника, №5513 әскери бөлімінің 273 әскери қызметшісі мен 12 техника жұмылдырылды.

(Жалғасы 2-бетте)

АПАТ ЗАРДАПТАРЫН ЖОЮДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында болған жарылыстарға байланысты шұғыл жиналыс өткізді. Жиынға Премьер-Министр, құқық қорғау, қорғаныс, қауіпсіздік және басқа да күштік құрылымдардың басшылары қатысты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысында болған төтенше оқиға салдарынан қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көңіл айтып, зардап шеккен адамдардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

– Жамбыл облысының Байзақ ауданында төтенше оқиға болды. Қарулы Күштеріміздің оқ-дәрісі сақталатын қойманың бірінен өрт шықты. Артынан бірнеше жарылыс болды. Жергілікті тұрғындар аман-есен. Өкінішке қарай, әскери қызметшілер мен құтқарушылар арасында адам шығыны бар. Олар қызметтік міндетін атқару барысында ерлікпен қаза тапты. Қайтыс болған азаматтардың отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Жарақат алған адамдардың тезірек сауығып кетуін тілеймін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қаза тапқан азаматтардың отбасыларына көмек көрсету бойынша нақты тапсырмалар берді. Президент орталық және жергілікті органдардың жұмысын дұрыс үйлестіру керек екенін айтты. Қажетсіз кедергілерді жойып, уақыт ұттырмай жедел қимылдауды, ең бірінші кезекте ауыл тұрғындарын өз үйлеріне қайтару шараларын қолға алуды тапсырды.

Тағы бір маңызды мәселе ретінде апаттың себептерін анықтау қажет екенін айтты. Мұндай жағдайдың алдын алу бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Мемлекет басшысы екі жыл бұрын Арыста болған жарылысты еске алып, қару-жарақ қоймаларында әлі де шешілмеген түйінді мәселелердің бар екенін айтты. Президент Арыс оқиғасынан кейін арнайы тапсырма бергенін, енді осы бағыттағы жұмыстарды жеделдетіп аяқтауға тапсырма берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысындағы төтенше оқиғаға байланысты бірқатар шараны шұғыл қолға алуды тапсырды.

Ядролық қаруға қарсы бастамаларды насихаттау қажет

Қасым-Жомарт Тоқаев Ядролық сынақтарға толық тыйым салу туралы шарт ұйымының басшысы Роберт Флойдты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.



Мемлекет басшысы аустралиялық маманды Ядролық сынақтарға толық тыйым салу туралы шарт ұйымының Дайындық комиссиясының атқарушы хатшысы болып сайлануымен құттықтап, аталған ұйымның жұмысы Қазақстан үшін аса маңызды екенін атап өтті.

– Сіз осы саладағы тәжірибелі, ядролық қарусыздану мәселелері бойынша танымал сарапшысыз. Біз сіздермен тығыз жұмыс істеуге бейілдіміз. Қазақстан бұл ұйымның жақын әрі сенімді серіктесі болып қала береді. Менің Әкімшілігім мен Үкімет ұйымның жұмысын күшейту мақсатымен тығыз әрі тұрақты байланысып тұрады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Роберт Флойдтың Қазақстанға сапары Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні қарсаңында өтіп жатқанын атап өтті. Осыдан 30 жыл бұрын Семей полигоны жабылған болатын. БҰҰ Бас хатшысының орынбасары ретінде Женевадағы жұмысының тәжірибесімен бөліскен Мемлекет басшысы әлемдік қауымдастыққа ядролық қаруды таратпау және қарусыздану туралы кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды деді.

Роберт Флойд Мемлекет басшысының көрсеткен құрметіне ризашылығын білдірді. Кездесу соңында тараптардың Қазақстанның ядролық қаруға қарсы бастамаларын ілгерілету мен Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарт бойынша тығыз ынтымақтастыққа дайын екені айтылды.

Швейцария – Қазақстанның маңызды серіктесі

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Швейцария Конфедерациясы Федералды жиналысының ұлттық кеңесінің (төменгі палатасының) төрағасы Андреас Эбиді қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Швейцарияны Қазақстанның Еуропадағы маңызды серіктестерінің бірі екенін айта отырып, олардың өнеркәсіп, «жасыл» экономика, ауыл шаруашылығы және қаржы саласындағы жоғары инновациялық әлеуетін атап өтті.

Қазақстан Президенті біздің елдің шикізаттық емес секторына Швейцария капиталы мен технологияларын тарта отырып, жаңа ірі жобаларды іске асыруға бейілді екенін білдірді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл Қазақстан экономикасындағы швейцариялық бизнестің онсыз да берік позициясын одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Швейцария – 2005 жылдан бері еліміздің экономикасына 27 миллиард доллардан астам инвестиция салған ең ірі үш инвестордың бірі. Сонымен қатар Швейцариямен арадағы тауар айналымы былтыр 1,7 миллиард долларға жетіп, жалпы сауда серіктерінің арасында 11-орынға ілінген. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Швейцария арасындағы қарым-қатынастардың табысты дамуына екі елдің тығыз саяси байланыстары ықпал етеді деген пікірін білдірді. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Швейцария Президенті Гай Пармеландпен мазмұнды келіссөз өткізгенін атап өтті.

Әңгімелесушілер Ауғанстандағы қазіргі жағдайға ерекше назар аударды. Тараптар бұл мәселе бойынша жан-жақты пікір алмасып, осы елдегі әскери-саяси және гуманитарлық жағдайдың шиеленісуіне алаңдаушылық білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев 26 тамызда Кабул халықаралық әуежайында лаңкестік жасағандарды айыптап, террористік қауіпке қарсы тұру, Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру, әлемдегі және Орталық Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту үшін ғаламдық қоғамдастықтың күш-жігерін жұмылдыру қажет деген пікір білдірді.

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Парламентаризм тәжірибесіне көңіл бөлінеді

Мәулен Әшімбаев Швейцария Конфедерациясы Федералды жиналысы ұлттық кеңесінің төрағасы Андреас Эбимен кездесті. Қазақстан Сенатының Спикері Швейцария делегациясының бұл сапары екі ел ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға тың серпін беретініне сенім білдірді. Сондай-ақ Швейцария Қазақстанның Еуропадағы маңызды саяси және экономикалық серіктесі екенін атап өтті.

«Келесі жылы біздің елдеріміз арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толады. Осы жылдар ішінде өзара тиімді саяси диалог жолға қойылды. Екіжақты сауда-саттық табысты дамып келеді. Бірлескен инвестициялық жобаларымыз да іске асырылып жатыр. Сондықтан алдағы уақытта да біздің байланысымыз арта түседі деп сенемін», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық өзара іс-қимыл мәселелері кеңінен талқыланды. Сенат Төрағасы Қазақстан мен Швейцарияның қазіргі жаһандық проблемаларға қатысты ұстанымдары ұқсас екеніне назар аударып, қос мемлекет те өзара іс-қимылды екіжақты форматта ғана емес, көпжақты құрылымдар аясында табысты іске асырып келе жатқанын айтты.

Сонымен қатар Сенат Спикері парламентаралық байланыстарды одан әрі дамыту мен нығайтудың және Қазақстан мен Швейцария Парламенттерінде жұмыс істейтін ынтымақтастық топтарының қызметін жандандырудың маңызын тілге тиек етті.

«Біз Швейцарияның парламентаризм саласындағы тәжірибесіне ерекше мән беріп отырмыз. Елімізде көппартиялықты және пікір алуандығын дамыту жолында нақты істерді қолға алдық. Бұл ұзақмерзімді дамуды көздейтін саяси жүйенің тұрақтылығы үшін маңызды», – деді Сенат Спикері.

Одан бөлек, Мәулен Әшімбаев Қазақстан Парламенті Сенатының қызметіне, оның ішінде Мемлекет басшысының саяси жүйені демократияландыруға арналған реформалары мен бастамаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету ісіне тоқталып өтті. Сұхбат кезінде өңіраралық өзара іс-қимыл перспективалары мен Қазақстанның коронавирустың таралуына қарсы қабылдаған шаралары да сөз болды.

Ардақ СҰЛТАН

Жан-Поль ПЕРИА, Швейцарияның француз тілді бөлігіндегі ҚР Құрметті консулы:

Қазақстан жаһандық қауіпсіздікке елеулі үлес қосты

– Отыз жыл ішінде, 1991 жылы Тәуелсіздік алғаннан бері, Қазақстан Республикасы жаһандық қауіпсіздікке елеулі үлес қосып, Орталық Азияда ғана емес, халықаралық аренада да өзін сәтті көрсетті.

Қазақстан Президенті лауазымына отырғаннан кейін Нұрсұлтан Назарбаев әлеуметтік, экономикалық, саяси, конституциялық және институционалдық реформалар жүргізе отырып, өз елін жаңғыртуға елеулі күш салды.

Оның ең үлкен жетістіктерінің бірі – Қазақстанда жүзден астам этникалық қауымдастықтар мен діни бірлестіктер арасындағы бейбітшілік пен келісім.

Диалогқа ашықтық пен дайындық Қазақстанға халықаралық мәселелер мен қақтығыстарды шешуге тиімді қатысуға мүмкіндік берді.

Н.Назарбаевтың 2003 жылы Қазақстанның жаңа астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін ашуы, Қазақстанның Сириядағы қақтығыстардағы бітімгер рөлі, ядролық қаруды таратпау және қарусыздану саласындағы елдің көшбасшылығы – бұл Қазақстанның Орталық Азияда ғана емес, бүкіл әлемде маңызы артуының өзекті мысалдары.

Сіздің еліңізді жақсы білетін Швейцарияның француз тілді бөлігіндегі Қазақстан Республикасының Құрметті консулы ретінде мен Нұрсұлтан Әбішұлының есімін Қазақстанның гүлденуі мен жетістігімен байланыстырамын.

Мен осы табысқа ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев негізін салған және оның жолын Қасым-Жомарт Тоқаев жалғастырған Орталық Азиядағы экономикалық даму жағынан ең жетекші елдің мүддесін білдіретінімді және алға жылжытқанымды мақтан тұтамын.

ЖАМБЫЛДАҒЫ ЖАРЫЛЫС: сақтануды үйрене алмай жүрміз

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

Одан бөлек, Ұлттық ұланның 520 сарбазы мен қосымша 250 адам резервте болды. Бір сөзбен айтқанда, апат салдарын жоюға біршама күш тартылды. Әрине, апаттың себебін анықтауға мамандар кірісетіні сөзсіз. Өкініштісі, бұл апат әскери қоймалардағы алғашқы жарылыс емес. Соңғы 20 жылда елімізде әскери қоймаларда Жамбылдағыны қосқанда 8 жарылыс болды.

2001 ЖЫЛҒЫ 8 ТАМЫЗ, ТОҚЫРАУ КЕНТІ

Кент Балқаш қаласынан 45 шақырым қашықтықта орналасқан. Оқ-дәрі қоймасынан шыққан өрт пен жарылысты қала билігі мен әскерилер қосылып бір апта бойы өшіре алмады. Соның салдарынан қоймадағы барлық оқ-дәрі жанып кетті. Бірақ әлі күнге дейін жарақат алып, қаза тапқан адамдардың саны, оған жауапты тұлғалардың аты-жөні жұмбақ күйінде қалды.

2009 ЖЫЛҒЫ 20 НАУРЫЗ, АРЫС ҚАЛАСЫ

«Казарсенал»ЖШС-ның (қазіргі «Казахтехнология»АҚ) қару-жарақ қоймасы жанып, артынан жарылыс болды. Оқиға салдарынан 4 адам қаза тауып, 16 адам түрлі жарақатпен аурухана-ға түскен. Көптеген үйлер мен көліктер зақымданды. Кейбір жарылмаған снярадттар бірнеше шақырым жерлерге дейін ұшып кеткен.

2009 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМ, ҚАРАОЙ КЕНТІ

Алматы облысының Іле ауданындағы ҰҚК шекаралық қызметіне қарасты қару-жарақ қоймасында жарылыс болды. Өртті тек қоймадағы жарылғыштар атылып біткен соң, бір күннен кейін ғана өшіруге кірісті. Бір сарбаз мерт болды.

2013 ЖЫЛҒЫ 27 ТАМЫЗ, ОТАР

Жамбыл облысының Отар стансасы маңындағы оқ-дәріні жою модульдерінің бірі жарылды. Одан сегіз адам жарақаттанып, төртеуі қаза тапқан. Кейбір дерек көздерінде 12 адам жарақат алғаны айтылады.

2014 ЖЫЛҒЫ 26 МАУСЫМ, АРЫС

Оқ-дәріні жою модульдерінің бірі жарылды. Одан екі қызметкер қаза тауып, бір адам қатты жарақаттанған. Жарылыстың себебі мен оған айыпты адамдар әлі күнге табылған жоқ.

2015 ЖЫЛҒЫ 8 ҚАРАША, АРЫС

Полигонда оқ-дәрілерді жою кезінде жарылыс болған. Екі қызметкер жарақаттанып, біреуі қаза тапты. Жапа шегушілердің бірінің айтуынша, полигонда күкірт қапшықтар тиелген жүк көлігі жарылған. Бірақ бұл ақпарат ресми түрде расталмады.

2019 ЖЫЛҒЫ 24 МАУСЫМ, АРЫС

Қару-жарақ қоймасында болған жойқын жарылыс әлі ұмытыла қойған жоқ. Төтенше оқиға ел экономикасына қаншалықты зиян шектірді, мемлекеттің әскери қорғаныс қабілетіне қаншалықты нұқсан келтірді деген сұрақ өз алдына, екі сарбаз бен бір жергілікті тұрғын қаза тапқаны үшін кім жауап береді? Сондай-ақ қаланың 7 634 үйі зақымданған, оның 500-і адам тұруға жарамсыз болып бұзылған.

Аталған оқиғаға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір жыл бұрын: «Біз мұндай жағдайдың ендігәрі қайталануына жол бермеуіміз керек. Ол өте маңызды, бұл мәселені өзім тікелей қадағалайтын боламын», – деген еді, бірақ өзіміз куә болып отырғандай, елімізде қару-жарақ қоймаларының жарылысы әлі күнге тоқтамай тұр.

Цифрландыру толқынын бағындырған Қазақстан

Цифрландыру мәселелері сан салалы. Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, анықтамалардың қажетсізінен арылу, керектісін санды форматқа ауыстыру, ақпараттық жүйелердегі келеңсіздік-кедергілерді жою, пайдалану қарапайымдылығын, деректердің сенімді қорғалуын қамтамасыз ету шаралары қабылданып жатыр. Бұған азаматтардың цифрлық дағдысын дамыту, мемқызметтерді проактивті түрде ұсыну, өзіндік қызмет көрсету секторын жаңғырту секілді өзге де мәселелер қосылды. Жұмыстардың орасан ауқымын мемлекет абыроймен еңсеріп жатыр.

Айхан ШӘРІП

МЕРЕЙТОЙЛЫ МЕЖЕЛЕРГЕ ІРІ ЖЕТІСТІКПЕН АЯҚ БАСТЫ

Осының арқасында Қазақстан посткеңестік кеңістікте цифрландыру жөнінен көшбасшы саналады. Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы және өзге де елдер біздің осы саладағы тәжірибемізді игеріп жатыр.

Осыдан тура 5 жыл бұрын – 2016 жылдың сәуір айында Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстандағы мемқызметтердің бірыңғай провайдері ретінде «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы құрылды. Барлық ХҚКО-лар, соның ішінде автокөлік иелеріне арналған мамандандырылған ХҚКО-лар да соған қарайды.

Осыдан тура 15 жыл бұрын Қазақстанда eGov.kz порталы іске қосылды. Бүгінде халқымыздың 62%-ы немесе шамамен 12 миллион адам электронды мемқызметтерді пайдаланады.

«Электронды Үкіметтің» қолжетімді қызметтерінің саны жыл сайын өсіп жатыр. Олардың арасында халық үшін әлеуметтік маңызды қызметтер, бизнеске арналған қызметтер, төлемдер мен пайдалы сервистер, композиттік және проактивті қызметтер, сондай-ақ лицензиялар мен рұқсат беру құжаттары бар.

Осыдан 4 жыл бұрын «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында барлық мемқызметтердің 90%-ын автоматтандыру – басым бағыттардың бірі болып бекітілгені мәлім. Бүгінде мемқызметтердің 93%-ын қазақстандықтар eGov.kz порталы арқылы үйден шықпай-ақ ала алады. Бұл сала ары қарай тоқтаусыз ілгерілеуде.

Айтқандай, биыл қызықты бір талдау нәтижесі жарияланды: мемқызметтерді ерлер көбірек алатын болып шықты. «Азаматтарға арналған Үкімет» мәліметінше, 2020 жыл қорытындысында мемкорпорацияға түрлі қызметтерді алу үшін 6,2 миллион әйел жүгінген. Жалпы алғанда, ХҚКО-лар былтыр 13 миллион мемлекеттік қызмет көрсеткенін ескерсек, оның 45%-ын нәзік болмыс иелері тұтыныпты.

Автоқызметтерге жүгінетін ханымдардың да саны аз болып шықты. 2020 ресімдеді, бұл жалпы берілген көлік жүргізушісі құжаттарының 21%-ы ғана.

Электронды цифрлық қолтаңба алуға өтініш білдірген әйелдердің саны ерлерден 1 пайызға ғана артық. Мысалы, өткен жылы ХҚКО арқылы 4,7 миллион ЭЦҚ рәсімделген (оның 300 мыңы – заңды тұлғалар үшін). Соның 2,2 миллионға жуығы немесе 51%-ы әйелдерге тиесілі.

ЖЕКЕ КУӘЛІКТІ ЦИФРЛЫҚ НҰСҚАСЫ ЫҒЫСТЫРЫП ЖАТЫР

Таяуда, 2021 жылдың бірінші жартысында eGov.kz порталында қазақстандықтар үшін цифрлық құжаттар қолжетімді болды. Айта кету керек, электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) да кәдімгі қолмен қойылған қолтаңбаға теңестірілді, екеуінің бірдей заңды күші бар.

«Азаматтардың көптеген өтініш-тілегіне орай цифрлық құжаттар енді пайдаланушының жеке кабинетінде қосымша бөлім ретінде eGov-қа шығарылды», – деп хабарлады «Электронды Үкімет» порталының операторы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ.

Төл цифрлық құжаттарын көру үшін пайдаланушы алдымен порталда авторизацияланудан өтіп, «Жеке кабинетіне» кіруі керек. Содан кейін жоғарғы жақтағы «Цифрлық құжаттар» бастырмасын басуы қажет.

Қазір «Цифрлық құжаттар» сервисінде 15 құжат ұсынылған: жеке куәлік, неке куәлігі, баланың туу туралы куәлігі, азаматтың өз аты-жөнін өзгерткені туралы куәлік, некені бұзу туралы куәлік, жүргізуші куәлігі, вакцинация паспорты, COVID-19 ПТР-тестілеудің нәтижелері, студенттік билет, диплом, техпаспорт, көлік құралын тіркеу туралы куәлік, зейнеткер куәлігі, қандас куәлігі және әлеуметтік ID.

Қазақстандықтар цифрлық құжаттарды (ЦҚ) пайдалана отырып, нотариустар қызметін ала алады. Сондай-ақ ЦҚ көмегімен ХҚКО-да мемқызметтерді алуға, теміржол вокзалында пойызға отырғызу кезінде көрсетуіне болады. Бұдан бөлек, Kaspi.kz, Halyk Bank секілді бірқатар банк бөлімшелерінде қаржылық қызметтерді алу үшін жеке басты куәландыратын құжатты ұсынудың қажеті жоқ, ЦҚ жарайды.

Әйткенмен азаматтар заң бойынша көшеде бәрібір өзімен бірге жеке куәлігін алып жүруі тиіс екенін есте ұстағаны жөн. Рас, болашақта бұл талапта та жойылуы мүмкін.

Былтыр ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құжаттардың қағаз нұсқаларына бірте-бірте тыйым салынуы және олар толық электронды форматқа ауыстырылуы қажет екенін мәлімдеді.

«Жыл соңына дейін көп сұралатын анықтамалар мен қағаз нұсқадағы растау құжаттарын қолданыстан алып тастауды, мәліметті цифрлық растауды қамтамасыз етуді тапсырамын! Мекенжай, мүлік және басқа да анықтамалар бойынша қолданыстағы тәжірибе өз тиімділігін дәлелдеді. Меморгандар жеке куәлік, диплом, жүргізуші куәлігінің электронды нұсқасын қабылдауы тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бұрын, бірінші болып мекенжай анықтамасы 2019 жылдың қазан айында жойылған-тын. Сол кезден бастап, Қазақстан қағаз күйіндегі түпнұсқа құжаттардан бас тартып, оны толық цифрлық нұсқасымен алмастыруға кірісті. 2020 жылғы жаздың басында ХҚКО-лар цифрлық құжаттарды түпнұсқа ретінде қабылдай бастады.

ӘЛЕМДІК ОЗЫҚ ОТЫЗДЫҚТАМЫЗ

Қазақстан цифрландыру саласында алдыңғы қатарлы мемлекеттермен бірге адымдауда және әлемдік озық отыздыққа кірді.

Нақтылай кетсек, электронды үкіметті дамыту деңгейі бойынша БҰҰ рейтингінде Қазақстан бір жыл ішінде бірден 10 тұғырға биік көтеріліп, 29-орынға шықты. Бұл өздігінен бола қалған игілік емес, оған қол жеткізу үшін мемлекет цифрлық инфрақұрылымның қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытында кешенді жұмыс жүргізді.

«2020 жылы 20 мың шақырымға созылған талшықты-оптикалық байланыс желісін салу бойынша МЖӘ жобасы аяқталды. Өңірлерде 1 мыңнан астам ұялы байланыстың базалық стансасы орнатылды. Бұл өңірлердегі технологиялық теңсіздік деңгейін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, Қазақстан халқын интернетпен қамту бүгінде 99% құрады», – дейді Үкімет басшысы Асқар Мамин.

Қазақстан азаматтары үшін тұлғаны биометриясы бойынша қашықтан сәйкестендіру жолға қойылды. Бұл мысалы, ЭЦҚ-ны ХҚКО-ға шабылмай-ақ, үйде отырып алуға мүмкіндік берді.

Бүгінде елде «жиынтықты құжат айналымы», «мобильді жұмыс орны», сондай-ақ кадрлық әкімшілендіруге және әлеуметтік төлемдерге онлайн тәсілдерді қолдануды қарастыратын инновациялық шешімді жобалар белсенді енгізіліп жатыр.

Мемқызметтерді, цифрлық құжаттарды электронды форматта алу үшін, тіпті компьютердің де қажеті болмай қалды. Құжаттар смартфон арқылы қолжетімді. Бұл үшін eGov mobile қосымшасын жүктесе, жеткілікті. Бұл ретте ұялы телефон нөмірінің «Мобильді азаматтар базасында» тіркелуі маңызды.

Қосымшада 70-тен астам қызмет пен сервис ұсынылған. Арасында ХҚКО-ға кезекке тұру, зейнетақы қорындағы жинақ туралы ақпарат алу, соттылығы туралы, психо-наркодиспансерлерден анықтама алу, жүргізуші куәлігін шығаруға тапсырыс беру және басқасы бар.

Ең бастысы, мобильді eGov-та әлгінде аталған ЦҚ-лар – электронды нұсқадағы жеке, жүргізуші, неке, баланың тууы туралы және басқа да куәліктер орналастырылған. Жаңа заңға сәйкес бұларды «қағаз» нұсқасымен тең дәрежеде, ресми түрде қолдана аласыз.

Қосымшаға ЭЦҚ-ны бір рет орнатса, кейін ол телефондағы Face ID немесе Touch ID көмегімен іске қосылады. Яғни, смартфонның «құлпын» ашқандай өте оңай.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пандемия секілді болашақ жаһандық сын-қатерлерге сақадай сай болу үшін осы жылды мемлекетімізді тиімді цифрландыру жылы ретінде өткізуді тапсырды. Мемлекет Big Data қағидаттарын меморгандардың жұмысына терең интеграциялау жұмысын жүргізіп жатыр. Data-driven government тұжырымдамасы аясында деректерді жинау және өңдеу мемқызметтердің сапасын арттыру факторына айналады.

Цифрлық инфрақұрылымды дамыту саласында алдағы 5 жыл ішінде барлық облыс орталығы мен мегаполистер 5G-мен қамтылатын болады. Ал деректерді өңдеу және сақтау саласына инвестициялар 6 есеге – 82 млрд теңгеден 500 млрд теңгеге дейін артады.

Ендеше алдағы онжылдықта цифрландыру Қазақстанның өркендеуіне, қазақстандықтардың өміріне елеулі өзгерістер әкелгелі тұрғандай.

Сенат Төрағасы қайғыға ортақтасты

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Жамбыл облысында болған жарылыс салдарынан қаза тапқандардың отбасыларына көңіл айтты. Бұл туралы ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Жамбыл облысында болған төтенше жағдай бәрімізді алаңдатып отырғаны рас. Мұндай сын сағатта, ең алдымен сабыр сақтаудың маңызды екені түсінікті.

Қазір апат аумағындағы ахуал Мемлекет басшысының бақылауында. Президентіміздің тапсырмасымен тиісті органдардың басшылары оқиға орнына шұғыл барып, облыс басшылығымен бірлесіп әрекет етуде. Сондай-ақ Байзақ ауданында жедел штаб құрылып, құтқарушылар, әскери қызметшілер, дәрігерлер және басқа да белсенді азаматтар жұмыс істеп жатыр.

Өкінішке қарай, қаза тапқандардың бар екені белгілі болды. Опат болғандардың отбасылары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз және апаттан зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуін тілейміз», – делінген жазбада.

Мәжіліс депутаттары көңіл айтты

Парламент Мәжілісінің басшылығы және депутаттары Жамбыл облысындағы оқ-дәрілер қоймасындағы жарылыстардан қаза тапқандардың отбасылары мен жақындарына көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетулеріне тілектестік білдірді.

«Жамбыл облысында орын алған қайғылы оқиға барша қазақстандықтардың қабырғасын қайыстырды. Әскери борышын өтеу жолында қайтыс болғандардың отбасына, туған-туыстарына барлық депутаттық корпус атынан көңіл айтамын», – деді Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин.

Сондай-ақ Палата Спикері апат орын алған кезеңнен бастап Мемлекет басшысы өз бақылауына алғанын, оқиға орнында жедел штаб жұмыс істеп жатқанын айтып, зардап шеккендерге сабыр мен бекемділік тіледі.

Партия мүшелері белсенділік танытты

«Nur Otan» партиясының мүшесі, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Мұрат Бөрібаев тұрғындарды жеке мәселелерімен қабылдады.

Өтінішімен келген азаматтардың саны өте көп болды. Мәселен, Жезқазған қаласының тұрғындары А.Амандық, Ж.Қыстаубаева, Б.Амандық, С.Журтаханова жұмысқа орналастыру бойынша өтініш білдірді. Тұрғындардың өтінішін назарға алған депутат алдағы уақытта жұмыс бабы бойынша оларды сұхбатқа шақыратынын мәлімдеді. Өтініш білдірушілер көрсетілген көмекке орай алғыс айтты.

Сондай-ақ «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі аймақтық кеңестің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде «Жастар – Отанға!» Жол картасының 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы жария етілді. Кеңесте «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша келесі маусымда жұмысшылар санын толық қамту керегі айтылды. Ал эпидемиологиялық жағдайға байланысты орындалмай қалған іс-шаралар мен индикаторлар кешені келесі жартыжылдыққа ауыстырылды. Жиын соңында атқаруға қажет жұмыстар талқыланып, алдағы жартыжылдық жоспарланды.

Бұдан бөлек, «Мектепке жол» республикалық акциясы Жезқазған өңірінде де жалғасып жатыр. Акция мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде материалдық көмек көрсету. Осы орайда қала жастарының ұйымдастыруымен бірнеше отбасыға оқу құралдары бар сөмке табыс етілді. Бұл тұста аймақтағы мәслихат депутаттары мен кәсіпкерлердің де еңбегін ұмытпаған жөн. Себебі олардың тікелей демеушілігімен қажетті құрал-жабдықтар алынып, акция жалғасын тауып жүр.

Жаңа оқу жылы қарсаңында Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Светлана Жумкина санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, студенттер мен оқушылардың инклюзивті білім алуына жағдай жасауды қамтамасыз ету мақсатында оқу орындарына мониторинг жүргізді. Қалада оқу орындары жетерлік. О.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінен бастап, «Жезқазған технология және сервис колледжі», «Тау-кен металлургия колледжі», «Жезқазған гуманитарлық колледжі» бар. Тексеріс нәтижесінде аталған оқу орындарының санитарлық жабдықтармен толық қамтылғаны және жаңа оқу жылына дайын екені байқалды. Ерекше қажеттілігі бар студенттер үшін пандустар, қызметшілерді шақыруға арналған арнайы түймелер бар. Есіктердің де ені әдеттегіден үлкен етіліп салынған.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

Түйткілді мәселелер қаралды

Маңғыстау облыстық мәслихатында «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының отырысы өтті. Отырыста маңызды төрт мәселе қаралды.

Атап айтқанда, Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Маңғыстау облысының Құрмет грамотасымен марапаттау туралы және Маңғыстау облысының әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау және облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 14 қазандағы №17/317 «Облыс әкімі жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссияның құрамы туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы болды.

Отырысқа Маңғыстау облыстық мәслихатындағы «Nur Otan» партиясының депутаттық фракциясының мүшелері, облыстық мәслихат хатшысы Нури Тұмышев, облыс әкімінің орынбасары Нұрлыбай Аққұлов пен Экономика және бюджеттік жоспарлау, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының өкілдері қатысты. Жиналыс онлайн және дәстүрлі форматта өткізілді.

Алғашқы мәселе бойынша Нұрлыбай Аққұлов баяндама жасап, Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша есеп берді. Атқарылған істердің Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қойылған тапсырмаларға, сондай-ақ стратегиялық, мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес құралғанын айтты.

Ал екінші мәселе бойынша Маңғыстау облысының әлеуметтік маңызы бар қатынас жолдарының Ақтау-Жаңаөзен-Ақтау, Ақтау-Тұщықұдық-Шебір-Ақтау, Ақтау-Форт-Шевченко-Ақтау тізбесін фракция мүшелері бірауыздан қолдап, осы жобаға кететін шығынның есебін сұрады.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша фракция мүшелері алда өтетін облыстық мәслихаттың сессиясында ынтымақпен дауыс беруге келісті. Сонымен қатар түскен ұсыныстар мен сұрақтар тиісті мемлекеттік органдарға жолданып, атқарылуы партия бақылауында болатыны айтылды.

Мадияр ТӨЛЕУ

Кәсіподақ өкілдері депутаттармен кездесті

Батыс Қазақстан облысында іссапармен жүрген «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері, Парламент Мәжілісінің депутаты Мәлік Құлшар мен Снежанна Имашева өңірдегі кәсіподақ өкілдерімен кездесті.

Жиын барысында облыстық кәсіподақ төрағасының орынбасары Бауыржан Атауов сөз бастап, қазір Батыс Қазақстан облысындағы кәсіподақтың хал-ахуалын, өзекті мәселелерін атап көрсетті. Кездесуге қатысушы салалық жергілікті кәсіподақ төрағалары мен мамандары әр саладағы қиындық туғызған жайттар мен жұмысшылардың ұсыныстарын депутаттарға жеткізді.

«Қызмет» облыстық мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері салалық кәсіподағының төрағасы Серік Сүлеймен жергілікті халықты уайымдатып жүрген ауқымды 2 мәселені атады. Ең алдымен, зейнеткерлерге халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобына берілетін көмектің айлық есептік көрсеткішке тікелей тәуелділігі, яғни бұл соманың Үкіметпен бекітілген азық-түлік себетін сатып алуға жеткіліксіз екені. Екіншіден, ұзақ уақыттан бері автокөлік мәселесі өзекті болып тұр. Осы сұрақтарды шешу жолдары бойынша мардымды ұсыныс депутаттарға айтылды.

Өңірдегі іссапар барысында халық қалаулылары еңбек қатынастары мәселесін көтеріп келе жатқаны жөнінде баяндады. «Қашықтан жұмыс істеу еркіндігі, делдалдар арқылы жұмыс істеудің қиындықтары жақын арада қабылданатын заңда қарастыралады», – деді Мәжіліс депутаты Снежанна Валерьевна.

Сондай-ақ партияның облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде «Заңгерлік көмек» партиялық жобасы аясында азаматтық істер бойынша заңгер, «Қазақстан заңгерлер одағы» ҚБ облыстық филиалының төрағасы, БҚО заң консультанттары палатасының төрағасы Ринат Телепов тұрғындарды қабылдады.

Қабылдауға несиені өтей алмау салдарынан ісінің 3 сот орындаушысына жолданып, ендігі кезекте мұрагерлікке өте алмай жүрген тұрғын келді. Тұрғынның айтуынша, ісін заңсыз түрде, яғни өтеушіге ескертпей сот орындаушыларға жіберген. Аталған мәселенің барлық мәнжайы анықталып, тұрғынның байланыс деректерін жазып алып, мәселені Ринат Жұмабайұлы бақылауға алатынын жеткізді.

Бұдан соң ПИК пен МИБ мәселесімен Орал қаласындағы Н. Назарбаев 233/3 мекенжайында тұратын тұрғындар келді. Тұрғындардың барлық байланыс деректері жазылып, консультативтік және заңнамалық тұрғыдан кеңес берілді. Қабылдау соңында Ринат Телепов партияға заң тұрғысынан көмек сұрап жүгінген тұрғындарға қолдау көрсетуге әзір екенін айтты.

М.ХАҚНАЗАР

Ауыл әкімдері сайлауы-2021

Ауыл әкімі әлеуметтік жағдайға мән бермек

Елде тұңғыш рет халықтың дауыс беруімен ұйымдастырылған сайлауда жеңіске жеткен ауыл әкімдерінің қызметіне кіріскендеріне бір ай толды. Ақмола облысында додаға түскен 95 үміткер ауыл әкімі болып сайланған. Солардың бірі – бұрын әкім болып қызмет етпесе де, бірнеше лауазымды орында өзін лайықты түрде көрсетіп үлгерген Фархат Байқасов. Ол «Nur Otan» партиясы атынан үміткер болды. Жас әкім Ақмола облысындағы шалғай өңірлердің бірі Жарқайың ауданының орталығы Державин қаласына әкім болып сайланған. Елдегі ең өзекті мәселелерді електен өткізіп алған әкім алғашқы кезекте халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге бел буыпты.

6 мыңнан астам адам тұратын Державин қаласы кезінде Кеңес Одағының зымырандар дивизиясы орналасқан әскери қалашық болатын. Тіпті, қауіпсіздік үшін картада көрсетілмеген де еді. Кейінірек әскери дивизия таратылып, кент жергілікті билікке табысталған. Тоқырау кезінде тозтозы шығып, қалада бос қалған 5 қабатты әскерилер тұрған үйлер бұзыла бастаған. Дегенмен соңғы жылдары қаңырап қалған көпқабатты үйлер қайта қалпына келтіріліп, мұқтаж адамдарға беріле бастаған. Алайда шешілмеген түйінді мәселелер әлі де баршылық екенін жаңа сайланған әкім бүкпесіз жеткізді.

ҚАҢЫРАП ҚАЛҒАН ҮЙЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРМЕКПІЗ...

Жұмыс жоспарының алғашқы қадамын да әкім қаладағы толғағы жеткен жоғарыдағы түйінді мәселелерді шешуге ұмтылудан бастағанын айтады. Қалада жеті бірдей жылу қазандығы жұмыс істегенімен, үйлердің көбі орталықтандырылған жылуға қосылмаған. Жаңадан сайланған әкім осы және өзге де өзекті жайларды жоспарына енгізіп, іске кірісіп кеткенін жеткізді.

«Державин қаласында да халықтың ең өзекті проблемасының бірі – баспана. Бүгінге дейін 450 адам пәтердің кезегінде тұр. Сондықтан әкім болып іске кіріскен алғашқы сәттен бастап әлеуметтік баспаналарды қайта қалпына келтіру жайына назар аудардым. Сөйтіп, 80 пәтерлі екі үйді қалпына келтіру жұмысына әзірлік басталып кетті. Қазір бір үйді қалпына келтірудің жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленіп, мердігер ұйымды анықтау үшін конкурс жарияланды. Үйлер көпбалалы отбасыларға, жетім-жесірлерге, бюджеттік қызметкерлерге берілмек. 80 пәтерлі екінші үй жобасы келесі жылға жоспарланып отыр. Сондай-ақ күзге қарай қалада жүзу бассейнін салуды көздеп отырмыз. Бұдан бөлек, қаладағы көп үйлер орталықтандырылған жылу жүйелеріне қосылмаған. Негізі, мектеп, балабақша, аурухана сияқты әлеуметтік нысандардың жанындағы бірен-саран үйлер ғана жылу желісіне қосылған. Мемлекеттік сараптамаға өтінім бердім. Алда тағы 25 үйді орталықтандырылған жылу желісіне қосу ойымда бар», – дейді Фархат Байқасов.

Ауыл әкімінің айтуынша, мыңнан астам отбасы түтін түтететін аудан орталығында жолдардың 80 пайызына жуығына асфальт төселген. Бірақ қала көшелерін жарықтандыру жағы кейінге қалып қойған.

«Бағдарламадағы жоспардың басым бөлігіне қаладағы асфальт төселмеген 20 пайызға жуық көшелерге тегістеу және абаттандыруға көңіл бөлуді жөн санадым. Бәрі қаржыға келіп тірелгенімен, жергілікті кәсіпкерлерден де қолдау қажеттігін түсінемін. Мәселен, қаладағы мешіттің айналасы түнде тас қараңғы. Жарық шамдар орналастырған жөн деп ойлаймын. Сондай-ақ тұрғындардың көпшілігінің өтінішін қанағаттандырып, басқа да көшелерді қалаға кіреберіс тұстарды жарықтандыруға көңіл бөлмекпін», – дейді Фархат Ертайұлы.

КРУПСКАЯ, ОСТРОВСКИЙ АТАУЛАРЫНАН АЖЫРАЙ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ...

Ауыл әкімінің назарына іліккен тағы бір күрделі мәселе – қала көшелері мен нысандарының әлі де болса ескі атауларының сақталып қалғанында. Айтуынша, қаланың 80 пайыз көшесі әлі бұрынғы кеңестік дәуірдегі атауларынан әлі арыла алмаған. Тіпті, білім ордаларының да атауы Кеңес Одағындағы тұлғалардың есімімен аталып келеді.

«Көңілге қаяу салатын жайлардың бірі қаламыздағы көшелердің басым бөлігі, дәлірек айтсам 80 пайыздан астамы ескі орысша атаудан ажырамай келеді. Комсомольская, Трудовая, Островский деген әлдеқашан ескірген көше атауларын қазақшыландырсақ деген ойым бар. Сондай-ақ қаладағы 3 мектептің екеуінің атауы әлі Крупская, Островский есімімен аталады. Алда қала тұрғындарымен жиын өткізіп, осы мәселені күн тәртібіне қойсам деген ойым бар», - дейді Державин әкімі.

«ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫН ҚОЛҒА АЛМАҚПЫН»

Жаңа әкім қаладағы қызмет көрсету саласының дамуына да көңілі толмайтынын ашық айтты. Осы орайда кәсіпкерлге, әсіресе мемлекеттік бағдарлама арқылы грант иеленген жас кәсіпкерлерге осы бағытқа назар аударғанын қалайтынын жеткізді.

«Жасыратын несі бар, қалада қызмет көрсету саласында ақсап тұрған жайлар бар. Киім тігу, тамақ ішетін орындар, тіпті қарапайым шаш алатын орындар жоқтың қасы. Сапасы төмен. Жақында 8 жас кәсіпкер арнайы кәсіптік білім алып, грант жеңіп алды. Осындай жас әрі білікті мамандарға қызмет көрсету саласында өз ісін ашуға кеңес беремін», – дейді Фархат Байқасов.

Жаңа сайланған әкім елде тұңғыш рет ұйымдастырылған ауыл әкімдерінің халықтың сайлау арқылы өткенін толықтай қолдайтынын жеткізді.

«Әрине, әкімдердің бұрынғыдай жоғарыдан тағайындалмай сайлануы халықтың сенімін арттыра бастады. Әрі әкімдер де халық сайлағандықтан, жауапкершілікті көбірек сезінді деген ойдамын. Сондықтан да сайлаудың осылайша өткізілгенін толықтай қолдаймын», – дейді Фархат Ертайұлы.

Біз де елдің жүгін арқалап, ірі мақсатты жүзеге асыруды көздеген әкімнің алдағы жауапты істеріне сәттілік тіледік.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Қайрат МӘМИ, Қазақстан Конституциялық Кеңесінің Төрағасы:

КОНСТИТУЦИЯ – ЕГЕМЕНДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні. Ата Заңның қабылданғанына да ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Замана талаптарына сай келетін, уақыттың сынына төтеп беретін негізгі заңды жазу да, аталған құжаттағы нормаларды жүзеге асыру да маңызды екені сөзсіз. Біз осы ретте Конституцияның қоғамды дамытудағы рөлі, атқаратын қызметі жайлы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қайрат Мәмимен сұхбаттастық.

– Былтыр Қазақстан республикалық референдумда қабылданған Конституциясының 25 жылдығын атап өтті. Осы жылдардың нәтижесі бойынша Ата Заңның тиімділігін, қоғам мен мемлекеттің даму процестеріндегі оның рөлін қалай бағалар едіңіз?

– Республика Конституциясы мерейтойының атап өтілуі қоғамда осы тақырыпқа деген жоғары қызығушылық, әсіресе жастар арасында конституциялық патриотизм сезімі кең таралғанын көрсетті.

Барша қауымның ортақ пікірі бойынша, 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституция тәуелсіздігіміздің бас кезеңінде елімізде болған дағдарысты еңсеріп, әлеуметтік серіктестік, нарықтық экономика, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімге негізделген зайырлы, демократиялық және құқықтық мемлекет құру жолына түсуге жол ашты.

Жаңа конституциялық талаптарға сәйкес азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік билік органдары қалыптасты, жеке тұлға мен оның құқықтары ең қымбат қазына ретінде танылды, мемлекеттік рәміздер бекітілді, бір сөзбен айтқанда барымызды түгендеп, жоғымызды таптық. Бұл өзгерістердің барлығы қысқа мерзімде жүзеге асырылды.

Осы жылдары әлемдік тәжірибеде «казақстандық даму жолы» деген ұғым орнықты. Қазір Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі, оның пікірінің жаһандық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауда сүбелі үлесі бар. Бұл жетістіктердің негізінде Конституция бекіткен принциптер жатыр. Сондықтан Ата Заңымызды маңызды және тиімді жұмыс істеп отырған басты құқықтық құжат деп айта аламын.

– Негізгі Заңның жобасын дайындауда Республиканың Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев шешуші рөл атқарды. Бұл туралы тереңірек айта кетсеңіз?

– Былтыр Конституциялық Кеңес «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Тәуелсіз Қазақстанның конституциялық құрылысындағы рөлі: Елбасы сабақтары» деген кітап шығарды. Онда бұл процеске жан-жақты сипаттама берілген.

1995 жылы жаңа Конституция дайындау туралы шешім – Елбасының батыл қадамдарының бірі.

Сол жылдары болған қоғамдық-саяси жағдайға, сыни пікірлерге қарамастан, Тұңғыш Президент 1993 жылғы алғашқы Конституцияға түзетулер енгізу жолын емес, конституциялық даму стратегиясының жаңа моделін, яғни жаңа Конституция қабылдау бағытын таңдады. Ол туралы өз ойын бірінші рет 1994 жылдың аяғында: «Бізге жаңа Конституция қажет, егер біз оны қазір әзірлей алмасақ, онда елімізді жоғалтып алуымыз мүмкін. Қиындықтардан қашу, өзгенің жетегіне еру бет алған бағытымыздан ауытқу дегенді білдіреді, оны бізге тарих та, болашақ ұрпақ та кешпейді. Таяудағы айларда біз бар күш-жігерімізді жұмсап, кәсіби мамандарды жұмылдыра отырып, бұл іске ең кемел, саналы әрі жан-тәнімен берілген адамдарды тартуымыз керек», – деп мәлімдеді.

1995 жылы 30 маусымда Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Президент Конституцияның жобасын ұсынды. Ассамблея мүшелері оны толығымен мақұлдап, барлық қазақстандықтарға үндеу жасады.

– Осы жұмысқа қаншалықты түрлі саяси институттар, азаматтық қоғам өкілдері, сарапшылар тартылды?

– Ата Заң халық пен оның Көшбасшысының бірлескен қызметінің нәтижесі деп білемін. Сол кезеңде Елбасы конституциялық идеялар төңірегінде миллиондаған қазақстандықты, ішкі және сыртқы сарапшыларды шоғырландыра алды.

Жобаны дайындауда ұлттық құқықтық даму тарихы, дамыған елдердің конституциялық доктринасы және халықаралық құжаттардың талаптары ескерілді. Тәуелсіз баға беру үшін отандық және шетелдік мамандардан тұратын сарапшылық-консультативтік кеңес құрылды.

Конституция жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында бүкілхалықтық талқылау үшін жарияланды. Үш миллионнан астам қазақстандық өз пікірін білдіріп, келіп түскен отыз екі мыңдай ұсынысты қорытындылау нәтижелері бойынша жобаның 55 бабына 1 100-ге жуық түзету енгізілді.

1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумға 8 миллионнан астам (сайлаушылардың 90,6%-ы) Қазақстан азаматы қатысып, олардың 89%-ы Конституция жобасын қолдап дауыс берді.

Жиырма алты жыл ішінде Конституция өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Тәуелсіз Қазақстанның барлық жетістіктері Ата Заңның жоғары сапасының, онда көзделген құндылықтар мен ережелерге деген шынайы құрметтің арқасы.

– Конституциямыз «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деп басталады. Осы ережелердің ұлтаралық және конфессияаралық татулықты қамтамасыз етудегі рөлі қандай?

– Бұл нормаларда мемлекет пен оның азаматтарының бірлігін білдіретін өте терең мән жатыр. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» дейді қазақ.

Қазақстанның үлкен жетістіктерінің бірі – қоғамдағы келісім және бейбітшілік. Онсыз экономикалық және өзге де өрлеу мүмкін емес. Елімізде жүзден астам ұлт пен ұлыстың, он жеті конфессияның өкілдері бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Әлемдік және дәстүрлі діндер басшылары елордамызда бірнеше рет кездесіп, қол алысып, ортақ мәселелерді талқылағаны көпшіліктің жадында.

Республика Конституциясында бұл құндылыққа негіз қалаған басқа да ережелер бар. Республика қызметінің түбегейлі принциптеріне қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, қазақстандық патриотизм жатқызылған. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектіктоптық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді. Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

Ата Заңның бұл талаптарын өмірге енгізуде Қазақстан халқы ассамблеясының рөлі зор. 2007 жылдан бері ол конституциялық мәртебеге ие.

– Мамандардың айтуынша, Қазақстанның тұрақты және үдемелі дамуы Конституция арқылы президенттік басқару нысанын және жалпы жаңа мемлекеттік басқару жүйесін енгізумен тығыз байланысты. Бұған деген Сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Әлемнің көптеген елдерінде президенттік билік әртүрлі нысанда жүзеге асырылады. Мемлекет басшысы институтының кез келген елде маңызы өте зор.

Қазақстанда президенттік басқару нысаны тәуелсіздік алғанға дейін енгізілгенін атап өткен жөн. 1990 жылы 24 сәуірде бұл ең жоғары лауазымды құру туралы заң қабылданып, Нұрсұлтан Назарбаев ел Президенті болып сайланды.

Келесі жылдың 1 желтоқсанында алғашқы тікелей президенттік сайлау өтті.

Президенттік басқару нысанын енгізу КСРО-ның ыдырап, билік органдарында болған дағдарыс, саяси вакуум жағдайын еңсеріп, қоғам мен мемлекеттік органдардың қызметін егемендікке бет бұрған жаңа Қазақстанның алдында тұрған алғашқы кезекті міндеттерді шешуге бағыттауға мүмкіндік берді.

Қолданыстағы Конституция Республика Президентінің мәртебесін нақтылап берді. Ол мемлекеттің басшысы, ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Мемлекет басшысы мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Республика Тұңғыш Президентінің прагматикалық саясатының арқасында еліміз Конституция шеңберінде эволюциялық даму жолына түсті. Бұл үрдіс Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың қызметінде де жалғасын тауып отыр.

– Конституция – қатып қалған құжат емес. Осы жылдары оған бірқатар өзгерістер енгізілді. Олардың қандай қажеттілігі бар еді?

– Қоғам мен мемлекеттің белгілі бір даму сатысында биік мақсаттарға жету үшін конституциялық деңгейде құқықтық негіз құру қажет болады. Ата Заң қабылданғаннан бері үш конституциялық реформа жүргізілді. Олардың әрқайсысы уақыт талабына сай іске асырылды. Қазақстан тәжірибесінде мұндай өзгерістер енгізудің президенттік форматы қалыптасты. Ол терең әрі ауқымды халықтық сараптама жүргізуді, конституциялық процеске көпшілік қазақстандықтардың және тәуелсіз шетелдік сарапшылардың қатысуын қамтиды.

Айталық, 1998 жылы Парламент Мәжілісі депутаттарының бір бөлігін саяси партиялардың тізімдері негізінде пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша сайлау, қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуы және басқа да жаңалықтар қарастырылды.

2007 жылы Мәжіліс депутаттарының басым көпшілігін сайлау аталған принципке көшті. Атқарушы биліктің Парламент алдындағы жауапкершілігі күшейтілді. Өлім жазасын қолдану аясы барынша қысқартылды.

«Қазақстан–2050» Стратегиясының басты мақсатына жету жолында 2017 жылғы конституциялық реформаның маңызы зор. Оның нәтижелері бойынша Президенттің бірқатар өкілеттіктері Парламент пен Үкіметке берілді, соңғыларының дербестігі мен жауапкершілігі күшейтілді. Бұған Еуропа Кеңесінің Венеция комиссиясы өзінің оң бағасын берді.

Осы конституциялық реформалардың барлығы қоғам мен мемлекет дамуында жаңа кезеңдерді ашып, алдағы уақытта үлкен өзгерістерге мұрындық болды.

– Конституциялық Кеңес екі қауымдастыққа төрағалық етеді екен. Бұдан келер қандай пайда бар?

– Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 2017 жылдан Конституциялық бақылау органдарының еуразиялық қауымдастығына (9 ел), ал 2019 жылдан Азиялық конституциялық соттар қауымдастығына (19 ел) төрағалық етеді.

Мұндай беделді аймақтық ұйымдардың басшысы болу еліміздің жоғары беделін, конституциялық саясатын және оны жүзеге асырудағы Конституциялық Кеңестің рөлін халықаралық деңгейде мойындаудың айғағы.

Бұл қауымдастықтарға басшылық ету, мүше болу шетелдік әріптестермен озық тәжірибемен алмасуға, біздің еліміздің құқық саласындағы жетістіктерін кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мен бұл ұйымдардың төрағасы ретінде Конституциялық сот төрелігі жөніндегі дүниежүзілік конференция бюросының құрамына кіремін. Оған 117 мемлекет мүше. Ол деген біздің елдің сөзі ең жоғары деңгейде ескерілетінін білдіреді.

Әлемнің белгілі заңгерлері өзекті конституциялық-құқықтық мәселелерді талқылап, олардың шешімдерін бірлесіп іздейді. Осы мақсатта былтыр елордамызда Азиялық қауымдастықтың төртінші конгресі өтті.

Биыл 27 тамызда «Интернет дәуірі: құқық үстемдігі, адам құндылықтары, мемлекеттік тәуелсіздік» тақырыбында Халықаралық симпозиум өтті. Онда жаппай цифрландыру ғасырында адамның конституциялық құқықтарын қорғау мәселелері қаралды.

– Оқырмандарға деген тілегіңіз.

– Барша қауымды алда келе жатқан мемлекеттік ұлық мереке – Конституция күнімен құттықтаймын. Зор денсаулық пен табыс тілей отырып, жеңістен жеңіске жете беріңіздер демекпін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ардақ СҰЛТАН

АТА ЗАҢ ЖАЙЛЫ 7 ДЕРЕК

Қазақстанның Конституциясы еуропалық парламентаризм мен шығыстың дара билік үлгісінің озық дәстүрлерінен тұрады. Ол – Мемлекет басшысының ішкі және сыртқы саясаттағы жолбасшылығын және мемлекетті басқаруда шынайы билікке ие екенін білдіретін басшылық құзыреті. Сонымен қатар Парламентте де шешім қабылдауға өте үлкен мүмкіндік беретін өкілеттілік мол. Мұндай модельдің Қазақстан үшін қолайлы екенін уақыт көрсетіп отыр. Соның арқасында елімізде саяси тұрақтылық, қоғамдық келісім, экономикалық даму және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нәтижелі қорғауға кепілдік бар. Осы ретте, Ата Заңымыз туралы 7 деректі назарларыңызға ұсынамыз.

Еліміздің Негізгі Заңын жасасуға үш миллионнан астам қазақстандық азамат қатысқан екен.

Конституциямыздың 1995 жылғы 30 тамыздағы жалпыхалықтық референдумда қабылданғаны белгілі. Ондағы процедуралардың ашықтығы мен заңдылығын 19 елден келген мыңдаған өкілі қадағалап отырды. Олар Ата Заңымызды қабылдау құрметіне елімізге келген Мажарстан, Мысыр, Канада, Польша, Румыния елдерінен келген бақылаушылар болатын. Осы кездегі Конституцияның жобасын талқылауға еліміз бойынша үш миллионнан астам адам қатысып, ел болашағы үшін маңызды құжат туралы пікір таластырған екен. Олардың арасында қарапайым азаматтармен қатар заңгерлер де, қоғам белсенділері де болды. Барлығы үш мың ұсыныс түскен болса, оның 1100-і Конституцияның мәтініне кірген.

Елбасы қысқамерзімді еңбек демалысын алды.

Конституцияны дайындауға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің өзі тікелей араласқан. Сол мақсатта ол екі апталық еңбек демалысын алып, шетелдік заңнамаларды терең зерделеген. Бұл туралы ол өзінің «Қазақстандық жол» кітабында жазған болатын. Жалпы, барлығы 20 елдің Конституциясындағы ережелер зерттеліп, жаңа Ата Заңымыздың 18 нұсқасы әзірленген екен. Бұл жұмыстардың барлығында Нұрсұлтан Әбішұлына елімізге танымал құқықтанушы жетекші ғалымдар, академиктер Юрий Басин, Салық Зиманов, Ғайрат Сапарғалиев, Майдан Сүлейменовтер көмектесті.

Қазақстан Конституциясы француздық модель негізінде қабылданды.

Ата Заңымыз билік үлгісі бойынша мықты президент және мықты парламент басқаратын француздық модельге ие. 2017 жылы қабылданған реформадан соң, президенттік республика үлгісі өзгертіліп, оның өкілеттігі парламент пен екі арада теңестірілді. Бұл үрдіске еліміз әуелден-ақ қадам басуды көздеген болатын. Енді бүгінде бұл екі билік тармағы бірдей дәрежеде жемісті жұмыс істеуі тиіс.

Ата заңымыздың негізіне француздық модельден бөлек 1948 жылы қабылданған Адам құқығы жөніндегі жалпыға бірдей Декларация алынған.

Бұл құжат әлемдегі барлық елдердің Конституциялары негізге алатын халықаралық акт болып саналады. Соған сәйкес Ата Заңымыздың үштен бірінен астамы осы Декларациядан алынған адам құқығы мен бостандықтарын қорғау туралы ережелерден тұрады. Бір сөзбен айтқанда, біздің Конституция бүкіл әлем елдеріндегі басты құжаттар секілді барлық азаматтары бірдей құқыққа ие демократиялық мемлекеттің кепілі болып саналады.

Ел Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясына қолын қойып Ант береді.

Әлемдегі әр елде инаугурация рәсімі әртүрлі ұлттық және мемлекеттік дәстүрлерге сәйкес өтетіні белгілі. Мәселен, кейбір көптеген елдерде Библияға қол қойып ант береді. Ал Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан, бізде Мемлекет басшысы Ата Заңымызға қол қояды. Мұндағы дәстүрдің мәні Президент заңға құрметпен қарайтындығын білдіреді.

Ата Заңымыздың қазақшасында орыс тіліне қарағанда сөздер көп.

Конституцияның мемлекеттік тілдегі нұсқасында 8 904 сөз бар болса, ресми тілдегі нұсқасында 7 168 сөз бар екен. Ал оның 98 баптан тұратынын мектеп қабырғасында жүргеннен-ақ әркім білетін болар. Мұндағы ең ұзын бап – «Парламент» деп аталатын төртінші тараудағы 61-бап. Ал сөзі ең аз бап – «Адам және азамат» деп аталатын екінші тараудағы 38-бап.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – әлемдегі ең жас Ата Заңдардың бірі.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бірнеше мемлекетке бөлініп, олардың бір мезгілде Конституцияларын қабылдағаны белгілі. Ал біздің еліміз КСРО құрамынан ең соңынан шыққаны мәлім. Сол себепті де Қазақстан Республикасының Конституциясы – әлемдегі ең жас Ата Заңдардың бірі болып саналады.

Тәуелсіздік еншісіндегі тарихи миссия

Биыл – Семей полигонының жабылғанына 30 жыл. Осы жылдар бойы еліміз жаппай қырып-жоятын ядролық қаруды таратпау және бас тарту бойынша бейбітшілік миссиясын паш етіп келеді. Ендеше атаулы дата аясында осынау тарихи шешімнің бүгінгі хал-ахуалы туралы бірқатар саясаттанушының пікірін білген едік. Респонденттерге келесідей сұрақтар қойылды:

Елбасымыз қабылдаған бұл шешімнің тарихи мәні қандай болды? Қазақстан ядролық сынақ жасауды жалғастырып, ядролық қаруды сақтап қалуы керек пе еді? Ядролық қарудан бас тарту жөніндегі Қазақстанның шешімін әлемнің ұлы державалары қолдап отыр. Бірақ өздері бас тартып отырғаны жоқ. Осы ретте еліміздің миссиясы қандай болуы тиіс? Будапешт меморандумындағы кепілдік қаншалықты орындалып отыр?

ЕРЛАН САИРОВ,
саясаттанушы:

– Осыдан 30жыл бұрын Қазақстан өзінің ядролық потенциалынан бас тартты. Осылайша, Қазақстан дүниежүзілік ядроға қарсы қозғалыстың лидері атанды. Сонысымен біздің еліміз өзін бейбітшілікті қалайтын және жер планетасының экологиялық жағдайына жаны ашитын мемлекет ретінде көрсетіп отыр. Бұл бүгінде Қазақстанның халықаралық аренадағы өзінің дұрыс орнын қалыптастыруға әсер етті. Сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сол кездегі шешімі өте дұрыс шешім болды деп бағалаймын.

Расында да, ядролық қаруды сақтап қалудың қажеті жоқ еді. Өйткені қазіргі дүниежүзіндегі ядролық потенциалдың кез келген мемлекетті жер бетінен жойып жіберу қабілеті бар. Ал одан бас тартқан тарихи батыл қадамның арқасында Қазақстанның тәуелсіздігіне ұлы державалардың барлығы өзінің кепілдігін берген болатын. Сондықтан осы ұлы державалардың кепілдігін алу – ол біздің еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға, еліміздің кедергісіз дамуына өзінің үлесін қосуда.

Қазақстанның миссиясы – ядролық қаруға ие мемлекеттерді бейбіт өмірге шақырып, оларды өздерінің ядролық потенциалын азайтуға әрқашан да шақырып отыру. Сонымен бірге Біріккен Ұлттар Ұйымының әртүрлі құрылымдары арқылы осы дүниежүзілік ядролық қарудан бас тартудың идеясын әрдайым қолдап, соны ілгері жүргізіп отыру. Бұл – үлкен тарихи миссия. Қазақстан мемлекеті ядролық қарудан өз еркімен бас тартқандықтан, осындай миссияны атқаруға моральдық құқы бар деп ойлаймын.

Қазбек МАЙГЕЛЬДИНОВ,
саясаттанушы:

– Ядролық қарудан бас тарту шешіміне бүгінгі сарапшылық көзбен қарайтын болсақ, оның бірнеше себебін көруге болады. Біріншіден, Кеңес үкіметінен бөлініп, жаңа тәуелсіз мемлекет болғаннан-ақ Қазақстанның алдында экономикалық құрылым, мемлекеттік құрылым және тағы да басқа бағыттар бойынша жаңа қадам бастап, қайта құру мәселесі тұрды. Бұл тұрғыдан алғанда экономикалық қажетсіздік себебі басым болды. Неге десеңіздер, ядролық қаруды ұстап тұру үшін қыруар қаржы қажет. Екіншіден, бұл стратегиялық шешім болды. Өйткені ядролық қаруы бар ел ретінде бізді әлемдік державалар 30 жыл бойы қарап отырғызбас еді. Әлем елдеріне қауіп тудыратын ел ретінде алдыңғы қатарда аталып, мысалы қазіргі Солтүстік Корея немесе Иран секілді болар едік. АҚШ пен әлемдік қауымдастық тарапынан эмбарго мәселесіне тап болар едік. Бұл, әрине жаңадан құрылған тәуелсіз Қазақстан үшін өте ауыр соққы. Халықаралық аренада өзімізді мойындату да қиынға айналмақ. Үшіншіден, бұл – қауіпсіздік мәселесі. Семей полигоны 2 миллионнан астам адам зардап шеккен аймақ. Ғалымдардың болжауынша, ол 2-3 ұрпаққа жалғасатындай із қалдырды. Ал оны сақтап қалып, ұстар болсақ, Беларусьтегі Чернобыль, Жапониядағы Фукусима атом стансаларындағы жарылыс зардабы секілді апаттарға ұрынар едік. Қазіргі жоғары дамыған елдердің өзінде ядролық технологияларға байланысты қаншама қауіпсіздік шараларын ұстанғанның өзінде оның төндірер қаупі жоғары. Міне, осы барлық негіздемелер мен қағидаларды

КАЗАК СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ
УКАЗ
ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСКОЙ СОВЕТСКОЙ СОЦИАЛИСТИЧЕСКОЙ РЕСПУБЛИКИ

басшылыққа ала отырып, сол кездегі қабылданған шешім, шын мәнінде Қазақстанды ядролық жаппай қыру қаруына қарсы қозғалыстың көшбасшысы етті. Бүгінде Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі аясында ядролық қарудан бас тарту, жою, таратпау және тыйым салу сияқты бастамалардың басында жүр. Өзінің нақты үлгісінде Қазақстан – тарихи еншісіне түскен ауыр жүкті трагедияға айналдырмай, ізгілікке шақырушы ретінде қазір халықаралық әлемде мойындалған мемлекет.

90-жылдары Қазақстан барлық ядролық қаруы бар мемлекеттер мен державалар атынан осы ядролық қарудан бас тартуға байланысты кепілдік алған болатын. Нәтижесінде, Қазақстан халықаралық аренада өзінің бірегей саясатын жүргізу арқылы мойындалды. Елімізде ядролық қаруды сақтап қалу керек еді деген пайымдар 90-жылдың басында көп болды. Әйтсе де, одан кейін бұл шешімнің дұрыс екенін уақыт көрсетті. Қазір Солтүстік Кореядағы ахуал әлі күнге дейін әлем қауымдастығын алаңдатып отырғаны секілді, Қазақстанда мұндай қару сақталар болса, экономикалық тұрғыдан өте үлкен тежеу болатын еді. Соның ішінде шетелден капиталдардың келуі, инвестицияның құйылуы болмас еді. Нәтижесінде, Қазақстанның даму үрдісі 10 есе төмендеп кету қаупі бар.

Жалпы, ядролық қарудан бас тарту жөнінде Қазақстанның шешімі – еліміздің негізгі миссиясына айналды. Ядролық клубтағы мемлекеттер мен әлем қауымдастығы алдындағы БҰҰ трибунасында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Әлемдік XXI ғасыр манифесін» ұсынған болатын. Бүгін осы айтылған халықаралық атом жобасы аясында әлем бойынша арнайы көрмелер, арнайы кездесулер өткізіп, Қазақстан ядролық қаруларды таратуды тоқтату, жаппай қырып-жою қару-жарағынан бас тарту мәселесін күн тәртібінен түсірмей келе жатыр. Көптеген мемлекеттер, оның ішінде Пәкістан, Үндістан, Ресей, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Қытай сияқты мемлекеттердің әлі де болса да ядролық қарудың ұстаушы мемлекеттері болып табылады. Әлемдегі геосаяси ауытқулар мен қақтығыстар жиілеген уақытта ядролық қаруды сынау, биологиялық басқа да түрдегі қаруларды зертханада шығару, оларды арнайы полигондарда пайдалану мәселелері күн тәртібінен түспей тұр. Сондықтан да ядролық қарудан бас тарту мәселесі бойынша жалпыадамзатқа ортақ бір қарардың болуын қажет етеді. Өйткені қандай да бір мемлекеттің қолында жалпыадамзатқа қауіп төндіретін қарудың болуы, бұл кез келген уақытта қандай да бір режимнің ауысуына орай пайдаланып кету қаупіне алып келеді. Ал оның арты орны толмас қайғыға ұласуы мүмкін. Сондықтан да жалпы қазір әлемдік даму процестерінің басты тежеуіші осы ядролық қарудың таралу қаупі болып тұр. Егер Қазақстанның бастамасын қолдап, басқа да мемлекеттер бас тартар болса, бұл біздің жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлесіміз болар еді. Міне, осы жолдағы Қазақстанның бастамасын басқа да мемлекеттер толықтай қолдап, ортақ келісімге келіп, нақты шешім қабылдаса, бұл барлық адамзаттың жеңісі деп санауға болады.

Серік НҰРМҰРАТОВ,
саясаттанушы:

– Ядролық полигонды жабу және ядролық қарудан бас тарту деген қадам гуманистік, адамгершілік тұрғыдан алғанда жөнді әрекет екені анық. Бірақ барлық өркениетті деген елдер күштің қисынына сүйенетін жолмен кетіп бара жатыр. Ешқандай дамыған елдің ядролық қарудан бас тартатын ойы жоқ. Тіпті, реті келсе қырып-жоюға алып келетін жаңа қаруды жасауға ұмтылады. Бұл дегеніңіз – әлемдік деңгейдегі дүниетанымдық дағдарыстың көрінісі. Қазақстан өзінің ұлттық қауіпсіздігін нық ұстауы үшін ядролық қаруды қалдыру керек еді, немесе атом электр стансаларын жасауға бейімделу керек еді деген ұстанымдар бар екенін жоққа шығармаймыз. Әрине, әркімнің өз көзқарасы, өз позициясы болады. Мәселеге тереңірек бойлайтын болсақ, онда Тәуелсіздіктің 30 жылында барлығын жоғары деңгейде реттеп, әділеттілікпен алға жылжыдық деп айту қиын. Себебі өзіміз аграрлы ел бола отырып, ауылдың жағдайы сын көтермейді. Өзімізді толық азық-түлікпен қамтамасыз етудің өзі өзекті мәселе болып отыр. Әскери базалардағы жарылыстар да салғырттың салдары. Жаппай жауапкершілік тұғыры ұлттық идеяға айналмай, алға қарай пәрменді дами алмаймыз. Сондықтан ядролық қаруы бар Пәкістан немесе Үндістан сияқты кедей өмір сүру де жол емес. Мәселе халқымыздың бойындағы рухани әлеуетті тиімді пайдалануда. Ол үшін әрбір азаматтың бойындағы сенім мен дарынды ашу керек. Мемлекеттің негізгі парызы – осында.

Дайындаған
Нұрлан ҚОСАЙ

Айдос САРЫМ, саясаттанушы:

Гуманизм жасампаздыққа жетелейді

Қазақстанға ядролық қару керек пе еді? Ендеше оны неліктен кезінде сақтап қалмадық? Болмаса, одан бас тартуды насихаттайтын, тіпті таратпау мен жоюды мақсат тұтатын еліміз – гуманизм жаршысы ма? Белгілі саясаттанушы Айдос Сарымен атаулы датаға орай осы мәселе төңірегінде сұхбаттасқан болатынбыз.

– Ядролық қарудан бас тартуды батылдыққа балауға бола ма?

– Бұл шынымен де батыл шешім деп айтуға болады. Әлем тарихында тұңғыш рет біздің еліміз Беларусь және Украина мемлекеттерімен бірге өзінің ядролық потенциалынан бас тартты. Қазақстан сынақтарға ресми түрде тыйым салды. Бұл гуманистік потенциалы зор, тарихи жарқын үлгі ретінде айтуға болатын оқиға деп ойлаймын.

Қазір Азия құрлығындағы елдердің арасында екінің бірі ядролық қаруға қол жеткізгісі келіп отырғанын көріп жүрміз. Сауд Арабиясы да, Иран да осы мақсатты көздеуде, ал осы 30 жыл ішінде Үндістан мен Пәкістан ядролық қаруы бар мемлекет боп үлгерді. Осы ретте, «кезінде өзіміздің ядролық потенциалымыздан бас тартпауымыз қажет еді» деген көптеген әңгімені естіп жүреміз. Анда-санда болса да осындай пікірлер айтылып қалады. Бірақ біз сол кездегі жағдайымызбен ол потенциалымызды сақтай алмас едік. Оның үстіне, бізде ол қарудың қалғанына АҚШ болсын, басқа елдер болсын, үшінші күштер мүдделі болған жоқ. Біз осыны пайдаланып, үлкен саяси ойындарға барып, Тәуелсіздігімізді күшейтіп алдық. Будапешт шешімдері, Қазақстанның шекараларын айқындау деген секілді үлкен қадамдарды атқаруға мүмкіндік туды. Жалпы, «әр нәрсенің сұрауы бар» демекші, қазақстандықтар мұны үлгі тұтып, бұл шешіммен мақтануы керек деп ойлаймын.

– Қарусыздануға ұмтылудың мәні не?

– Қазақстан бұл миссияда үнемі бір бағытты, қарусыздандыру бағытын ұстанады. Мәселен, 1960-1970 жылдары бұл өте өзекті проблема болды. Ол кезде ядролық қаруы бар мемлекеттер бір-бірін атқылап өздерін ғана емес, барша әлемді жұтатын ядролық соғысқа жол аша ма?» деген үрей күшті еді. Әрине, оның ауылы аулақ, бірақ соңғы кезде байқап отырғанымыздай, Ресей мен батыс, Қытай мен батыс арасындағы қақтығыс ушығып келеді. Олардың басшыларының «егер бізге тиісетін болса, ядролық күлге айналдырамыз» дейтін кездері де жоқ емес. Ал шын соғыстың барлығы осындай сөзден басталады ғой. Сондықтан да Қазақстан осынау гуманистік зор потенциалы бар идеяны айта беруден жалықпауы қажет. Оның көшбасшысы, тірі үлгісі, миссионері болып қала беруі керек. Өйткені әлемде ядролық қарудан зардап шеккен екі мемлекет болса, соның біреуі – Қазақстан. 1949 жылдан 1980 жылға дейін 40 жыл бойы аспанда, жерде, жердің астында 500-ден астам бомба жарылды. Оның көбі Хиросима мен Нагасакиге түскен қаруға қарағанда 100 есе қауқарлы. Әлі күнге дейін сол жердің суын ішкен, сол жердің егінін жеген, соның салдарынан мүгедек болып жүрген азаматтарымыз аз емес. Сондықтан да ядролық қарудың қауқарын бейбіт тұрғыда пайдалану туралы бастамамыз – тек біздің жеріміздегі емес, адамзат баласының амандығы үшін теңдесі жоқ идея. Бұл – біздің сынақ салдарынан дүниеден өткен жерлестеріміздің алдындағы борышымыз, тіпті керек десеңіз Құдайдың алдындағы парызымыз. Бұл миссия біздің сыртқы саясаттағы алға ұстар байрағымыз, гуманизмге шақыратын идеямыз болып қалу керек. Біз мұны дұрыс бағалауымыз керек.

– Өзгелер көне ме?

– Әрине, Қазақстан айтты екен деп, АҚШ немесе Қытай өзінің қолындағы бүгінгі геосаяси көзірінен бас тартпасы анық. Бірақ осындай идеяны қалыптастыру – өзіміз сияқты елдердің алдында бедел жинаудың, оларды бір мақсат төңірегінде топтастырудың тетігі болмақ. Осы арқылы «Қазақстан деген ел бар екен, ол осындай идеялар айтып жүр екен, ендеше біз де осы бастамаға қосылайық» дейтін қоғамдық пікір қалыптастыратын концептуалдық ойды айтуға болады. Ол бір жағы гуманистік және философиялық идея болатын болса, ал екінші жағынан әлемдік бейбітшілікті сақтау үшін таптырмас қажеттілік.

– Кейде келісімдердің орындалмай қалатыны да бар. Айталық, Украинаға кепілдік берген мемлекеттердің бірі сөзінен тайқығанын да көрдік…

– Ядролық қарудан бас тартқандағы бізге берілген кепілдік — Будапешт келісімі. Ондай кепілдік Украинаға да, Беларуське де берілді. Ал Ресей Украинамен арпалысқа түсіп, жерін алып, ішкі саясатына араласып жатқан кезде, ірі державалар не істей алды? Бұл – үлкен мәселе. Сол сияқты да Беларусь республикасы да батыс елдері мен Ресейдің арасындағы көкпарға айналып отыр. Бүгінде ту-талақай тартыстың өзегі болып кетті. Батыс елдері оны әлсіретуге тырысып жатса, Ресей оны өздігінше пайдалануға жанталасуда. «Ал сонда Будапешт меморандумы қайда қалды?» деген үлкен сұрақ туады. Бұл құжат 90-жылдары Қазақстанның болашағы бұлыңғыр кезде, яғни «бұл ел мемлекет бола ма, болмай ма, тәуелсіздігінен айырылып қалмай ма?» деген сауал тұрған кезде әуелі моральдық қолдау болған, одан соң саяси мүмкіндіктерге жол ашқан тарихи құжат деп айтуға болады. Оның қадір-қасиетін, тарихи рөлін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ бір мәселе бар. Әр заманның өзінің құжаты болады, әр заманның өзінің саясаты болады деген сияқты, Қазақстан қазір сол Будапешт меморандумын жаңаша ойнату керек сияқты. Яғни, бізге кепілдік берген сол Ресейге, сол Қытайға, сол Ұлыбританияға және басқаларға шығып, біз әңгіме айтуымыз керек. «Айналайын, көріп отырсыздар, сіздер кепілдеме берген Украина қазір екіге бөлініп, біраз жерінен айырылып қалды. Сол кепілдеріңіз қайда? Немесе кепіл берген Беларусь мынадай болды. Бізге ондай жағдай керегі жоқ!» деген мағынада. Олай болатын болса, біздің қазіргі дипломатия сол елдермен қоян-қолтық жұмыс істеп, Будапешт меморандумының аясын кеңейтетін, оның ішіндегі кепілдіктер мен міндеттемелерді тереңдетіп, дамыта түсетін қосымша келісімшарттарды алдағы бірнеше жылда жасауға тырысуы керек сияқты. Мысалы, «Қазақстан Орта Азиядағы ашық, демократиялық, зайырлы, инвестиция тартатын мемлекет болғанын қалайсыздар ма? Немесе неше түрлі геосаяси ойыншылар ойнап-ойнап, Ауғанстан сияқты бытыраған, бір-бірімен азаматтық соғыс дәрежесінде қырқысқан, наркотрафиктің астында қалған мемлекетке айналғанын қалайсыздар ма?». Осындай сұрақ қою арқылы, олардың элитасымен қоян-қолтық жұмыс істеу арқылы Қазақстанның алдағы 30 жылдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін келісімдерге ұмтылу керек секілді. Будапешт меморандумының өзі кезінде екі-үш баптан тұратын, кішкене ғана құжат болатын. Біз енді соны негізге алып, әртүрлі жағдайды пайдаланып, әскери және ақпараттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ететін құжаттарды қабылдатуымыз керек. Мысалы, біз Қытай мен Ресейдің арасында таразы басын тең ұстап отырған елміз. Сол аю мен айдаһардың арасында да қайшылықтар бар. Сондай тұстарды тиімді пайдаланып, кішкентай ғана құжат, кішкентай ғана келісімге, шағын ғана қадамға бара алсақ, онда бұл қауіпсіздік Қазақстанның түбегейлі тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады деп айта алар едім. Осы бағытта жұмыс істеуіміз керек. Бір сөзбен айтқанда, Абылай хан атамыздың салған ақ жолымен жүргеннен басқа шарамыз жоқ.

– Абылай жолы XX ғасырда өзін-өзі ақтай ма?

– Шынын айту керек, үлкен державалар XIX-XX ғасырдағыдай елдерді бөліп алатын болса, онда бізге қиын болады. Мысалы, «мынау біздің лагеріміз, бұл жақта біз білгенімізді істейміз, сіздер араласпайсыздар, ал сіздердің елдеріңіз аналар, оларға біз араласпаймыз» десе, онда бізге үлкен қауіп төніп тұр. Біздің міндет соған жол бермеу. Осындай жағдайдан шығу. Украинаға қараңыз, басқаға қараңыз, «әрқайсысы осындай жағдайдан шығу үшін түрлі-түрлі тірлік істеп жатыр. Әртүрлі платформалар ұсынып, одақтар құрып, басқа да өзі қатарлы мемлекеттермен бірігіп дегендей. Біздің де содан басқа жолымыз жоқ».

Біз ең алдымен өз жағдайымызды түсінуіміз керек. Айналамыздағы үлкен ойыншылардың Қазақстандағы мүддесін айқын түсінуіміз керек. Сонда ғана біз дұрыс қадамға, байыпты шешімге бара аламыз. Ол үшін елдің ішіндегі эмоцияға құрылған майда-шүйде әңгімелерді азайту керек. Біздің алдағы 10-15 жылымыз аса қиын болайын деп тұрғаны да осыдан. Сондықтан осындай тарихи күндері жағдайды пайдаланып, сол кезде болған қиындықтарды, қабылданған күрделі шешімдердің логикасын таратып ашып беруіміз керек. Сонда, бәлкім біз өзіміздің тәуелсіздігімізді құрметтеуге ынталы болармыз. Осы тұрғыда 30 жылдықтың қалай өткенін емес, алда қалай оны баянды қыламыз деп айта білгеніміз абзал деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлан ОРАЗҒАЛИ

Ұлттық қор: қасықтап жинап, шөміштеп төгіп жатыр

Үкімет Ұлттық қорды аста-төк шығындауды доғарып, оны шындап толықтыруға кіріспек. Бұл қор осыдан он жыл бұрын жарияланған 100 миллиардтық межеге сол бойы жетпеді. Салыстыру үшін айтсақ, Қазақстанның Ұлттық қорының табыстылығы биылғы I жартыжылдықта 1,5 млрд доллар ғана болған. Ал біз үлгі еткен Норвегияның «мұнай қоры» 2021 жылдың бірінші жартысында ғана 111 миллиард доллар табыс әкелген.

Айхан ШӘРІП

АЛДА $60 МЛРД АСУЫНА ӘЗЕР ЖЕТЕДІ

2000 жылдың 23 тамызында іргесі қаланған Ұлттық қор содан бері Қазақстанды қаншама қаржылық-экономикалық дағдарыстан құтқарып келеді. Осы кезеңде ел экономикасы рецессияға ұшырап, тұралап та қалды. Бірақ қор арқасында мемлекет қайыршы күйге түспеді: Үкімет Ұлттық қорға «қол салды, қол салғанда, мол салды». Өкінішке қарай, бұл қор билікті үнемі мұнай-газ табысына сүйеніп, масыл болуға үйретті.

Үкімет енді ҰҚ қазынасын шашуды тыюға бел буыпты. Бұл шешімді Министрлер кабинетінің отырысында биік лауазымды бірнеше тұлға жария етті. Еліміздің бас экономисінің нақтылауынша, мұнай қорынан триллиондап ақша алу, әрине жалғасады. Бірақ оның көлемі бірте-бірте азайтылмақ. Өйткені мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері соңғы жылдары тым өсірілді, оның бәрін жалғыз салықпен өтеу мүмкін емес.

Атап айтқанда, Ұлттық қордан республикалық бюджетке тең-тең болып тасылатын кепілдендірілген трансферт қаражат 2022 жылы – 2,4 триллион, 2023 жылы – 2,2 триллион, ал 2024 жылы 2 триллион теңге болмақ. Бұл шекті меже алда Парламентке енгізілетін үшжылдық бюджет жобасында белгіленді. Ол қаражаттың бәрін дерлік әлеуметтік міндеттемелерді қаржыландыруға бағыттау ұсынылып отыр. Бірақ бұл триллиондар да жетпеуі мүмкін. Себебі пандемия кезеңінде бюджет тапшылығы қомақты болып тұр.

«6,6 триллион теңге трансферт алу мақсатында «Ұлттық қордан 2022-2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заң жобасы әзірленді. Бұдан басқа, Ұлттық қордан 2022 жылы – 550 млрд теңге мөлшерінде, 2023-2024 жылдары жыл сайын 400 млрд теңгеден нысаналы трансферт тарту ұсынылады. Жалпы ішкі өнімге байланысты 2022 жылы бюджет тапшылығы 3,3% деңгейінде болжанса, келешекте 2024 жылы 2,5%-ға дейін төмендейді деп болжанып отыр», – деді Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев.

Яғни, Үкіметте ізгі ниет болғанымен, ол Ұлттық қорды шығындауын кілт тоқтата алмайды. Себебі шығысы кірісінен әлдеқайда көп. Ә.Ерғалиевтің мәліметінше, республикалық бюджеттің кірістері 2022 жылы – 9,2 трлн, 2023 жылы – 9,7 трлн, 2024 жылы 10,4 трлн теңге болады. Ал республикалық бюджеттің шығыстары 2022 жылы – 15,9 триллион, 2023 жылы – 15,6 триллион және 2024 жылы 16 триллион теңгеден аспақ.

«Мұнай бағасы барреліне 60 доллар болса, мұнай секторынан Ұлттық қорға құйылатын түсімдер 2022 жылғы 2,5 трлн теңгеден 2024 жылы 3 триллион теңгеге дейін өседі деп болжануда. Ұлттық қордың валюталық активтері 2022 жылы 55,3 миллиардтан 2024 жылы 61,6 миллиард долларға дейін өсуі тиіс», – деді Экономика министрі. Ендеше алдағы үшжылдықта да 100 млрд доллар межесін бағындыра алмайды.

ҚАРАЖАТ ЖИНАҚТАУ РЕЖИМІНЕ ОРАЛА МА?

Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың айтуынша, Ұлттық банкпен бұрын келісілген тәсілге сәйкес, Ұлттық қордан алынатын кепілдендірілген трансферттер 2022 жылғы 2,4 трлн теңгеден 2024 жылы 2 трлн теңгеге дейін қысқарады.

«Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына» сәйкес, экономиканың құлдырауы кезеңінде дағдарысқа қарсы бағдарламаларды, әлеуметтік маңызы бар жобаларды, стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудың балама көздері болмаған кезде оларға қаражат ел Президентінің шешімі бойынша ғана Ұлттық қордан алынады.

Бас қаржыгердің байламынша, ел мұнай қаражатынсыз өмір сүруге біртіндеп бет бұрып жатыр.

–2022 жылы түсімдер осы жылдың жоспарымен салыстырғанда 431 млрд теңгеге ұлғая отырып, 13 трлн теңге деңгейінде болжанып отыр. Мұнайлы емес түсімдер 1,8 трлн теңгеге немесе 25,1%-ға ұлғаяды деп қарастырылды. Ұлттық қордың қаражатын жинақтау режиміне оралуымызға байланысты мұнайдан түсетін түсімдерді біртіндеп 1,3 трлн теңгеге төмендету қарастырылған. Ал мұнайлы емес түсімдердің үлесі кірісінде 56,4%-дан 2024 жылы 71,4%-ға дейін өсетін болады, – деді Қаржы министрі.

Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов экономика еңсе тіктеген соң Ұлттық қорға тәуелділік күрт кемитініне сенімді: «2022-2026 жылдары ЖІӨ-нің нақты орташа жылдық өсу қарқыны 4,8% болады. Мысалы, ЖІӨ 2022 жылы 8,4%-ға өссе, республикалық бюджеттің салық кірістері бірден 29%-ға артады. Бұл алдағы жылдары Ұлттық қорға тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді», – деді Ә.Смайылов. Нәтижесінде Ұлттық қордан трансферттер 2023 жылы 350 млрд, 2024 жылы 200 млрд теңгеге аз жұмсалады.

Қазақстанның Ұлттық қорының табыстылығы нашар болып тұр: 2021 жылдың I жартысында бұл көрсеткіші небәрі 2,5% немесе 1,5 млрд доллар болды. Салыстыру үшін айтсақ, Норвегияның Мемлекеттік зейнетақы қорының (бұрынғы атауы – Норвегияның мұнай қоры) биылғы I жартыжылдықтағы табыстылығы 9,4% не 111 млрд доллар болды.

МҰНАЙ ҚОРЛАРЫ ҚАЙДА АҚША САЛАДЫ?

Пандемия және жаһандық дағдарыс жағдайында күреп табыс тауып отырған Норвегияның феноменін түсіну үшін екі елдің мұнай қорларының қандай құралдарға инвестиция салатынына талдау жүргізген жөн.

Экономикалық сарапшы Максим Приходьконың айтуынша, Норвегияның Мемлекеттік зейнетақы қоры 72 елдің 11 125 компаниясына триллион доллардай қаражат салған. Яғни, инвестициясы, активтері және тәуекелдері мейлінше әртараптандырылған.

«Көбіне АҚШ, Қытай, Жапония және Үндістанға қаржы салады. Ресейді де айналып өтпейді: шамамен 50 компанияның акциясына ие. Қырғыз Республикасында бағалы метал өндіретін Chaarat Gold Holdings жобасынан үлес иеленген. Бірақ Қазақстанға инвестицияламайды», – деді сарапшы.

Қазақстан Үкіметі бұл салада сонша батыл емес: Ұлттық қордың шамамен 15 миллиардтай долларын немесе активтерінің бестен бір бөлігін акцияларға салған. Қалғанын мемлекеттік құнды қағаздарда, алтын мен шетелдік валютада ұстайды.

Норвегиялық қорға қандай да бір компанияның 10%-дан артық акциясын иеленуге тыйым салынған. 2020 жылдың соңында Apple-дің нарықтық құны $21,6 млрд тұратын акциясы, $17 миллиардтан көп Microsoft-тың және $14,5 млрд бағаланатын Amazon-ның акциялары норвегиялық қорға тиесілі болған. Бұл жалпы акциялар портфелінің 5,75%-ынан аспайды.

«Apple технологиялық компаниясына және Amazon.com интернет дүкеніне салынған инвестициялар жыл нәтижесінде ең ірі табыс әкелді. Олардан кейін Microsoft технологиялық компаниясы тұр. Жалпы алғанда, технологиялық сектор компаниялары 41,9% табыстылық көрсетті», – делінген Норвегия мемлекеттік зейнетақы қорының (НМЗҚ) 2020 жылға арналған жылдық есебінде.

Тұтастай алғанда, НМЗҚ Google-дің бас компаниясы Alphabet-тің, сондай-ақ Nestle, Facebook, Taiwan Semiconductor Manufacturing Company, Roche Holding, Samsung, Alibaba-ның акцияларын еншілеген.

Ал қазақстандық қордың тек 2019 жылғы егжей-тегжейлі жылдық есебі ғана жарияланған екен. Онда Ұлттық қор қаражатының басым бөлігі 59,10%-ы – дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларына салынғаны айтылған. Ал бұлар сенімді құрал болғанымен, әкелетін кірісі тым мардымсыз не жоққа тән: АҚШ мемоблигацияларының табыстылығы – 1,3%, Германиянікі – 0,4, Франциянікі – минус 0,06!

Алпауыт компаниялар акцияларына Қазақстан қоры активтінің 20,75%-ы салыныпты. Қандай кіріс әкелгені жазылмаған. Қордың қалған активтері негізінен валюта мен алтында сақталып жатыр.

Қос елдің қорын салыстырғанда көзге анық түсетіні – біржарым триллион доллардай қазынаға ие Норвегия қоры басқарудың бірегей моделіне ғана емес, сонымен бірге теңдессіз айқындылыққа ие екен. Кез келген адам оның сайтына кіріп, әрбір қаржысының қанша пайда не шығын әкелгенін біле алады. Ал Қазақстанның 55,3 млрд доллар ғана активі бар Ұлттық қорының тіпті жеке сайты да жоқ болып шықты. Журналистер де, сарапшылар да амалсыз, Қаржы министрлігі мен Ұлттық банк арагідік беретін азын-аулақ ақпаратқа сенуге және соны талдауға мәжбүр.

Ақпарат алудың ауылы алыс

Арқалағаны алтын, жегені жантақ журналистердің жағдайы жиі айтылады. БАҚ өкілдерінің ақпарат алу барысындағы кедергілерден бастап қоғамдағы әлеуметтік статусы да нақты белгіленбеген. Соның салдарынан көптеген әріптесіміз қажетті ақпаратты алу үшін құзырлы орындарға сан рет өтініш жасап, жүз рет қоңырау шалуға мәжбүр. Оның өзінде қажетті ақпаратты алсаң жақсы. Кейде итке сүйек тастағандай қылатыны бар.

Жадыра МҮСІЛІМ

ЖҮЙКЕНІ ЖҰҚАРТҚАН ЖЕТІ КҮН

Әкімдіктер мен министрліктердің бір басында бірнеше баспасөз қызметкері бола тұра, бір ауыз пікір айтатын спикерді, қолда бар статистиканы алудың өзі қиямет қайым. Басшыларынан бастап қауырт тірлікпен айналысып жатырмыз дегенді желеу ететін баспасөз хатшылары ыңғайына келмейтін тақырып болса «ресми хат» жазуды талап етеді. Өйткені дәл осы заң нормасы журналистердің ақпаратқа қол жеткізуін тежеудің таптырмас құралына айналған. Бұл бюрократиялық қалқан арқылы баспасөз хатшылары ресми сауалға жауап мерзімі бойынша жеті күн сұрайды. Жеті күн жетпесе, жазбаша хатта себебін айтып тағы жеті күнге рұқсат алуы тиіс. Көбіне заңда көрсетілген жеті күнде де сауалыңа сай жауап, тұшымды ақпарат алу мүмкін болмайды. Журналист Болат Мұрсәлімнің тілінде айтсақ, жауаптылардың жауабын алғанша Батыс Қытайдан шыққан пойыз Батыс Еуропаға жетіп қояды. Бұл кезде көтеріп отырған тақырыптың тізесі шығып кетеді.

Резонанс тудырған жағдайда құзырлы орындар шұғыл жауап беруі міндеттелген. Шұғыл жауап бергенін де көргенбіз. Карантин кезінде берілген өтемақы төңірегіндегі сауалымызға жауап ала алмадық. Онлайнда отырып, желіде жазысып жатқан баспасөз хатшысы телефонын бұғаттап тастады. Жақында Қорғаныс министрлігіне қарасты оқу орындарында өткен емтихан жайлы пікір алмақ болдық. Университет басшылығы мен комиссия мүшелерінің өздерімен тілдесу мүмкін болмады. Құдды «қорғаныс» дегенді «құлыптау» деп түсінсе керек. Бұдан бұрын да әскери қызметкердің қаншасы өтемақы алатынын білмек болып, ресми сұрау салғанымызда баспасөз бөлімінің мамандары жауапты бір-біріне сілтеп, жеті күнде жөнін айтуы тиіс қызметкерден қайтара жауапты сол бойы ала алмағанбыз. Айтпақшы, ресми сұрау хаттың сұрауын сан рет сұрап, сүйкімсіз болған журналистерді өздерінің қара тізіміне енгізіп, іс-шараларына шақырмайтын мемлекеттік мекемелер де жоқ емес.

Бұл туралы Елбасы да, Президент те талай рет айтқан. «Біз әлемнің дамыған 30 мемлекетіне ұмтыламыз дейміз. Бұл елдерде Үкімет пен оның барлық мүшелерінің қоғам үшін күнделікті ашықтығы. Онда Министрлер туындаған барлық мәселелерге әрдайым жедел пікір білдіріп отырады. Ал бізде не? Ақпараттық жұмыс тек журналистерге брифингке шығып, қағаз жүзінде оқумен шектеледі. Біздің министрлер брифингтерде де журналистерден қашады, қарапайым сұрақтарға жауап бермейді. Саясаткер жұртпен тілдесуге, өз ұстанымын түсіндіруге, қоғамның сеніміне ие болуға тиіс», – деген еді бірде Президент. Бірақ журналистермен тығыз қарымқатынас орнатуы тиіс баспасөз бөлімінің қызметкерлері негізгі міндетін білмейді ме, керісінше басшыларын БАҚ өкілдерінен жасырып әлек. Сондықтан үлкен жиындарда журналистер кездесе қалған спикерінің соңынан қуалап, сауалдың астына алуға асығады. Әріптестеріміздің сұрағын сағызша созып, тілшілерді кеудесінен итерген төрағаларды көргенбіз. Заң бойынша журналистер ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға құқығы болғанымен, қалаған сауалына қажетінше жауап алу мүмкіндігі шектеулі. Өйткені жабық тұрған есіктің сыртынан сығалап, баспасөз хатшылары берген бір беттік қағазға қанағат қылып қайтады. Маңына жоласа микрафонды жұлып, шетқақпайлайтын шенеуніктерден кейін шектеулі ақпараттың өзіне шүкір дейтініміз сондықтан.

ҚҰЛАҚ АСПАЙТЫН ҚҰЗЫРЛЫ ОРЫНДАР

Президент шенеуніктердің халық үніне құлақ асып, мейлінше ашық болуын талап етіп келеді. Өйткені шенеуніктер алдына келген адамға шекесінен қарамай, қайта мәселесін шешіп беруге ұмтылуы тиіс. Өнірдегі басшылардан бастап бас қаладағы министрлерге дейін жұртпен етене байланыс орнату үшін заманауи байланыс құралдарын ұтымды пайдалануға, яғни халықпен кері байланыс орнату мақсатында әлеуметтік желілерде белсенді болуға шақырды.

Бұдан бұрын Президенттің пәрменімен желіден жеке аккаунтын ашқан аймақтың полиция басшысына шыққанбыз. Жыл басында халыққа жақын болу үшін ашылған әлеуметтік желідегі парақшасына әдемілеп хат жазып, баспасөз хатшысына ресми хатын жіберіп, сұхбат алуға сұрандым. Карантиндік ахуалға байланысты сұхбатты онлайн форматта алуға да келістік. Күнде ертеңмен бір ай өткенде «санитарлық жағдайларға байланысты департамент басшылығымен кездесу шектелді» деп қысқа қайырған. Сонымен бірге, жедел іс-шаралар көптігіне байланысты көрсетілген шараның жүзеге асырылуы мүмкін болмайтынын, қандай да бір ақпарат алу үшін ресми әлеуметтік желідегі парақшалар мен ресми хат жолдауға болатынын жеткізіпті. Бір қызығы, сұхбатты үш ай бойы бетпе-бет емес, онлайнда алу сұралған. Екіншіден, әлеуметтік желі сұраққа жауап алудың мүмкін еместігін жыл басында жауапсыз қалған хатымнан-ақ түсінікті болды.

Жақында Петропавлда «Хабар» телеарнасының тілшілері Ashyq бағдарламасының жұмысы туралы сюжет түсіру үшін «Достық Молл» сауда орталығына келіп, мән-жайды түсіндірген. Түсірілім кезінде СО әкімшісі күзетшілерге шақырусыз қонақты шығарып жіберуді тапсырады. Оның соңы журналистерге жұдырығымен шабуыл жасаумен жалғасқан. Сондай-ақ Көкшетау прокуратурасы журналистің камерасын итеру, қорлау, ұру қылмыстық құқықбұзушылық емес екенін айтып, айды аспанға шығарды. Есте болса, 716.kz ақпараттық порталдың тілшісі Оксана Матасова редакцияға көмек сұрап келген ананың айтуы бойынша мақала жазбақ болады. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектормен хабарласып, ақпаратты тексеру және жұмыс берушілерден түсініктеме алу үшін өзен жағасына барған. Өзен жағасындағы балалармен сөйлесе бергенде сол жердегі жұмысшылар агрессивті әрекет ете бастаған. Камераны қағып, журналистті итеріп, жұмыс орнынан қуып жібереді. Күні кеше «Хабар-24» телеарнасының тілшісі Ақбөпе Тәңірберген де операторымен бірге Алатау ауданының әкіміне алдын ала келісім бойынша келіп, есігінен кіре алмай кетті. Келіскен уақытта әкімдікке кіре алмаған әріптесіміз лифтке кіруге тырысқанда, күзетші оны ұстап алып, күшпен ғимараттың сыртына шығарып, есікті жауып тастады. Әлеуметтік желіде шу тудырған соң ғана әкімдік оқиғаның мән-жайын түсіндіріп, телеарна қызметкерлерінің Ashyq мәртебесін сканерлеуден бас тартып, арандатушылық тудырды деп айыптады.

ӘКІРЕҢДЕГЕН ӘКІМДІК

Аты-жөнін атамауын сұраған тағы бір әріптесімізді басшылықтың өзі әкімдіктің аяғына жығып беріпті. «Қапшағай қаласындағы газетте істеп жүргенде қосымша «Жас Алаш» газетіне мақала жазып жүрдім. Қарлығаш ауданындағы ауыз су, жол, маршрут мәселесін көтеріп, екі тараптың да пікірін көрсетіп, материал жаздым. Материалыма әкімдіктің сайтындағы ашық дерек көздердегі ақпарат пайдаланылды. Халықтың үні, әкімдіктің айтары бар. Біраз уақыт өткен соң өзімнің газетімнің басшылары, Қапшағай қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан деген кісі, баспасөз хатшысы барлығы жиналысқа салып, қысым көрсетті. «Сені жұмыстан шығарамыз, сонда да «Жас Алашқа» жаза бересің бе?» деп турасын айтты. Сөйтіп ашық дерек көзінде басқа мәлімет тұрғанын алға тартып, мені кінәлі етіп көрсетпек болды. Бірақ бұл ақпарат менің мақаламнан кейін өзгертілгенін алға тарттым», – дейді ол. Алайда бас редактор «журналистің жұмысында көптеген кемшіліктер бар» деп әкімнің орынбасарына есеп беріп, журналисті жұмыстан шығармақ болады. «Құқығымды қорғау үшін «Түркітілдес журналистер» қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы мен Журналистер кәсіподағы басшысы Зейін Әліпбекке, «Әділ сөз» ұйымына хабарласып, көмек беруін сұрадым. Орнымда қалдым. Бірақ бәрібір жұмыстан шығып кеттім. Себебі қысымға алу одан ары үдеді», – дейді алматылық журналист.

ӘРІПТЕСТІҢ ҚҰҚЫҒЫН КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

Қазір Парламент мінберінде журналистиканың қара қазанында қайнаған біраз әріптесіміз бар. Әйтсе де журналистердің мәртебесін көтеріп, құқығын қорғауға келгенде енжарлық танытып жүргенін жасырып жаппай-ақ қоялық. Бұдан бөлек, Журналистер одағы, «Әділ сөз» ұйымы, Бас редакторлар клубы мен соңғы жылы құрылған BAQ KASIPODAQ салалық кәсіподағы жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың құрылудағы басты мақсаты да ортақ. Яғни, олардың міндетіне: БАҚ пен билік арасында конструктивті диалог орнатып, сөз бен баспасөз бостандығын қорғау, журналистердің экономикалық, құқықтық, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жасау.

Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев БАҚ өкілдерінің ақпарат алуы жылдан-жылға қиындап бара жатқанын алға тартады. Ал карантин кезінде Ashyq мәртебесін сылтаурататын жағдайлар көбейгенін айтты. «Журналистердің құқығын жиі көтереміз. Өткен жолғы әріптесіміздің оқиғасына да пікірімді айттым. Егер кәсібіне байланысты заңсыз жағдайға тап болса, кез келген әріптесімізді қорғауға жұмыс істейміз. Бұрын да болды. Әлі де болып жатыр. Заңда ақпаратты кез кезлген жолмен алуға болатыны айтылады. Құзырлы орындар мемлекеттік және жекеменшік БАҚ деп алаламай, қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуі керек», – дейді Сейітқазы Матаев.

Былтыр ашылған BAQ KASIPODAQ салалық кәсіподағының бұрынғы басшысы, белгілі журналист Зейін Әліпбек журналистиканы дамытуға қатысты жұмыстар қолға алынды деп айту ерте деп отыр. «Өзге дегенде өгіз қара күші бар» журналистер отыз жылда құқықтық, әлеуметтік жағынан қорғалмаған. «Кім көрінгеннің әкіреңдеуі мен қоқан-лоққысына төзіп жүре беретін журналист. Сәл сын жазса, белгісіз себептермен жұмыстан шығып қалатын журналист. Өзге кәсіп иелеріне мемлекет тарапынан түрлі игіліктер жасалып, аспаннан шұға жауып жатса да, ұлтарақ тимейтін тағы журналист. Жалақысы ешқашан өспейтін журналист. Бүгінде журналистердің көріп отырған жақсылығы – әкімдіктердің, министрліктердің Журналистер күнінде бір жапырақ қағазы. Жағдайды түзеудің бір ғана жолы – «Журналист мәртебесі туралы» заң қабылдау. Сол арқылы олардың мәртебесі, статусы айқындалуы қажет. Кім көрінгеннің қол көтеруіне жол бермейтін, қызметтік міндеттемелерін орындауына мүмкіндік беретін құқықтар осы заңда шегеленіп жазылғаны жөн. Екіншіден, мемлекет тарапынан әлеуметтік кепілдіктер берілуі керек. Кез келген журналисті ең бірінші кезекте мазалайтын мәселе – баспана. Елдің бәрі үй алып жатқанда, журналистер шет қалады», – дейді Зейін Әліпбек.

Ақпарат және коммуникациялар туралы заң жобасын қараған кезде сол кездегі ақпаратқа жауапты министр Дәурен Абаев «журналистердің сауалдарына жауап бермеген шенеуніктердің жалақысы кесілуі мүмкін» деп қуантып қойған. Тіпті, сол кезде министр журналистердің сұрағына жауап бермеген қызметкер жұмыстан шығарылуы қарастырылғанын айтқан. Бірақ баяғы жартас – сол жартас.

Жайылым мұң бұл күнде

Бүгінде көпшілік ата кәсіпті дөңгелетуге ден қойған. Жыл өткен сайын төрт түліктің саны артып келеді. Алайда жайылым – өзекті мәселе. Облыс бойынша жайылымдық жердің жалпы көлемі – 35 миллион 302 мың гектар. Оның 14 миллион 207 мың гектары ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне пайдалануға берілген. 12 млн 896 мың гектары – бос жатқан жер. Осыншама ұлан-ғайыр жер болғанымен, қарапайым жұрт жайылымға жарымай отыр.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ – МАЛ БАҒЫМЫ

Мысалы, Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауылында да бүгінде өткір де өзекті тұрған мәселе – мал бағымы. «Қазақ ықылым заманнан төрт түлігін өргізіп, өнімін қорек етіп, жан баққан халық. Алайда қазір малын Тәңірге тапсырып, төрт аяқты ит-құсқа жем, ұры-қарыға оңай олжа қылып, қаперсіз жатқан қазақ арамызда жетіп артылады. Әсіресе, Ақтоғай ауылында. Солтүстік облыстардың шағын елді мекендерінің өзінде шашау шығып, өз бетімен босып жүрген түлік көрмейсің. Ауысыммен арнайы мал бағатын бақташы, шопан, жылқышылары бар. Жалақылары да жақсы. Ақтоғай ауылында ондаған жылдың мұқтары болды, осы мал бағымын, оның ішінде, ірі қара малының бағымын ұйымдастыру әлі күнге шешімін таппай келеді. Бірнеше әкім ауысқанымен, осы проблеманың түйінін тарқата алмады. Жыл сайын ауыл әкімдігінде тұрғындардың басын қосқан жиын өтеді. Бірақ күлтөбенің басындағы жиындарда жергілікті билік пен ауыл тұрғындары әрі тарт та, бері тартпен ортақ мәмілеге келер түрі жоқ. Арнайы шарбақ құрып, ауыл аралап, көше кезген малды қамап та көрді. Одан да шыққан еш қорытынды мен нәтижені көрмедік», – дейді Ақтоғай ауданының тұрғыны Мүсіркеп Әлімжан.

Айтар болсақ, ауыл тұрғындарының 60-70 пайызы аула шаруашылығымен айналысады. Аспанға шапшып тұрған базар нарқына ауыл тұрғындары осы малдың арқасында төтеп беріп отыр. Айыппұл салып, қатты қайырымға баруға, халық арасынан шыққан әкімдердің дәті бармай отырғанын да аңдау қиын емес.

БАҚТАШЫ ДА ТАПШЫ...

Ауыл аралап, көше кезіп кеткен жануарларға да кінә таға алмайсың. Жылдан-жылға аула малының саны артып, өріс те тарыла түскен. Соның салдарынан ауыл маңы азып, тозаңы шығып, тықырланып, тақырланып барады.

Тұрғындармен кездесулер барысында проблеманы шешудің түрлі жолдары қарастырылған. Соның бір нұсқасы – бойдақ ірі қара малдың бағымын, ауылдан аулақ әкетіп ұйымдастыру. Бірақ бақташы жоқ. Ол тұрмақ, Ақтоғайдан ақы төлеп, қой кезегіне барып келетін адам таппайсың.

«Бойдақ малды елді мекеннен аулақ шығарып бағу да бірлі-жарым адамның қолынан келе қоятын іс емес. Бір табынды кемі күн алмасып бағатын төрт бақташы керек болады. Бақташының жалақысын да ел жабылып төлер. Мәселе сол табынды шашау шығармай бағып, ие болатын бақташы қайда?

Ауылда екі қолға бір күрек таппай, ауданның жұмыспен қамту мекемесінде тіркеуде тұрған «жұмыссыздар» жетіп артылады. Өкінішке қарай, оларды мал бағуға зорлап шығара алмайсың. Қоғамдық жұмыста жүргендердің басым бөлігі – әйелдер мен жастар. Атқа отырып, мал бағып көрмеген адамды «бақташылыққа бар» деп және қысай алмайсың. Бойдақ малдардың далаға бір кеткесін, ауылға қайтатындары өте сирек», – дейді хат иесі.

Өз қотырыңды өзің қасымасаң кім қасиды? Ауылдағылардың шырылдап жүргеніне бірнеше жыл.

Ал мемлекеттік қызмет ардагері Нихан бай Омарханов болса: «Жалғыз Ақтоғай емес бұл мәселе барлық қазақ ауылдарының бас ауруы. Көптеген ауылдар сол Ақтоғай сияқты фермаға айналып кетті, тәртіп жоқ, ауыл орталығында мал ұстаудың нормативі жоқ, кейбіреулер 100 деп жылқы, сиыр ұстайды, ауыл маңы қу тақырға айналды, ауылда антисанитария, малды қазақ қазір «бинокльмен бағуға» көшкен. Сондықтан мұндай бассыздықтан құтылудың бір ақ жолы ЖКШ туралы заңды шұғыл қабылдау ғана. Әйтпесе, ауылдардың бәрі фермаға айналады», – дейді

Ауылдың жағдайын ауылдағы біледі. Жайылым жоқ болса, ауылда мал да жоқ болады. Оның арты жаппай елдің ауылдан кетуіне алып барады. Осы мәселені шешер күн жеткендей...

ҚАРҚАРАЛЫДА ДА ОСЫ МӘСЕЛЕ...

– Ауылда жайылым мәселесі өте қиын. Айнала – егін, малдан қориды. Түссе, мал иесі айыппұл төлейді. Қала берді, жеке адамның меншігі. Не бізге бермейді, не өзі пайдаланбайды. Ал жыл сайын бір жерде оттай берген малдан қандай мол өнім алуға болады. Ол жердің өзі шаңы шығып, тозбай ма? Күнделікті айран-сүтімізді осы малдан айырып отырғандықтан, ауылдағы басты мәселе – жайылым. Аудан әкімінің жыл сайынғы ауыл халқымен кездесуінде айтқанымызбен шешілмей келе жатқан мәселе осы, – дейді, Қарқаралы ауданының тұрғыны Болат Мүсілім.

Қарқаралы ауданында 62 елді мекен, 350 қыстақ бар. Ауданның жер көлемі – 3 547 236 гектар. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 1 737 250 гектар, оның ішінде, жайылымдық жер 1 554 044 гектар. Жері мал шаруашылығын дамытуға қолайлы өңірдің біраз елдімекендерінде жайылымға деген сұраныс өте жоғары. Өзекті мәселені оңтайландыруда бос жатқан жерлерді тиімді пайдалану шарасы қолға алынған. Ауылшаруашылық жерлерін игермеу – жайылымдық жердің тапшылығын тудырып отырған бірден-бір фактор. Бұл орайда, аудандағы жауапты саланың мамандары жүргізген мониторинг нәтижесінде 72 ауылшаруашылық тауар өндірушінің 294 806 гектар жерді пайдаланбай отырғаны анықталған. Сонымен қатар 166 ауылшаруашылық тауар өндірушіге өздеріне тиесілі жалға берілген жерлерін дұрыс пайдаланып, малдарын сол жерде бағып-ұстау қажеттілігі туралы хабарламалар жіберген. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде 4 шаруа қожалығы 2 899 га жер учаскесін мемлекеттік қорға қайтарған.

«ҚАЙЫРШЫҒА ЖЕЛ ҚАРСЫ»

Абай ауданы Ақбастау елді мекенінде «қайыршыға жел қарсы» дегендей, жайылымдық жер тапшы болып тұрғанда, дала өрті әбігерге салып қойды. Ауыл тұрғындары алда не боларын білмей дал. «Дала өртінің басталғанына бір жұмадан асты, өшіруге мүмкіндік болмай тұр.Үлкенді-кішілі 7-8 шаруа қожалықтың жайылымдық, шабындық жерлері және дайындалған шөптер өртке оранды. Қолдан келгенше әрекет етіліп жатыр. ТЖ мекемесінің адамдары өрт сөндіргіш автокөліктерімен, ауыл тұрғындары жаппай жұмылуда, бырақ тілсіз жау ырыққа көнер емес. Қырсыққандай, желдің екпіні қатты, күн ыстық. Өрттің көлемін тиісті орындар анықтай жатар. Өте қиын жағдай. Жайылым тарылды. Қысқы мал азығы толық дайындалған жоқ. Қысқы жылқы тебіні қалай болары белгісіз. Негізі, дала өртінің тұтануы адамдардың жауапсыздығы, салғырттығынан болатыны сөзсіз. Ал өртті сөндіруге келгенде дәрменсізбіз. Ауылды жерде дала өртін сөндіру үшін арнайы құралдармен жабдықталмаған. Ақбастау ауылына былтыр өрт сөндіргіш КамАЗ а/көлігі берілгенімен, орнынан қозғалуға мүмкіндігі болмай тұр», – дейді ауыл тұрғыны Аспандияр Сейсенов.

ТҮЙІН. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 бұйрығымен жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін жерлермен қамтылу көрсеткіші – 53%. Көрсеткіш көңіл көншітпейді. Яғни, ауыл шаруашылығы жануарларының 1 басына арналған жайылым алаңының нормасы жылқы малына – 16,1 гектар, ірі қара малға – 15 гектар, ұсақ мүйізді малға – 3,3 гектар.

Ауыл маңындағы азын-аулақ көкті талғажау еткен малдың бүйірі шыға қоймасы анық. Шынында да, шағын ауылда малдан басқа күнкөріс көзі жоқ. Қолда бар ірі қараны көңілге медет етіп отырғандардың «бас ауруы» – жайылым. Облыста осы жылдың 1 мамырындағы статистикалық мәліметтер бойынша жеке қосалқы шаруашылықтарда 770 мың ірі қара, 470 мың жылқы, 1327,8 мың қой мен ешкі тіркелген. Жайылым тапшылығы – облыс бойынша ауқымды мәселе. Ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан агроөнеркәсіп кешенінің басты басымдығы – ауылшаруашылық саласын дамыту. Ал оны өркендетудің түпкі мәселесі жайылымда жатыр.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қаңғыбас ит-мысықтан қайтсек құтыламыз?

Қазақстанда жануарлар мүлдем қорғалмаған. Жануарларға жауапты қарау туралы заң әзірге жоба күйінде қалып отыр. Ит-мысыққа қатысты «иттік» жасаған адамды Қылмыстық кодекстің 316-бабы бойынша жауапкершілікке тарту қарастырылған. Бірақ полицейлердің айтуынша, бұл бап бойынша қылмыс жасалғанын дәлелдеу, біріншіден, қиынның қиыны, екіншіден, қарастырылған жаза тым жұмсақ. Содан болар, төрт аяқты тіршілік иелеріне қатысты төбе шашымызды тік тұрғызар неше түрлі айуандық күнде дерлік жасалып жатыр.

Күні кеше Қостанайда итті қапқа салып, балғамен ұрғандар ұсталса, бұған дейін Петропавлда мас әйел 4-қабаттан итті лақтырып өлтіргені жарияланды. Ит-мысықтарды адамдардың ұрып-соққаны, азаптағаны жайлы жаңалықтарды жиі еститін болдық. Адам алдында әбден қорғансыз жануарларды қорғаумен тек волонтерлар ғана айналысады. Бірақ олардың қолдары қысқа, мүмкіндіктері шектеулі.

Қылмыстық кодекстің жоғарыда аталған бабына сәйкес жануардың өліміне не мертігуіне әкеліп соқтырған әрекетін бұзақылық ниетпен немесе балалардың көзінше қатыгездік жасаған адам 120 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді немесе 120 сағаттық қоғамдық жұмыстарға тартылады не 30 тәулікке қамауға алынады. Петропавлда спаниельді 4-қабаттан лақтырып өлтірген әйел 27 000 теңге айыппұл төлеп құтылды. Солтүстік Қазақстан облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, одан басқа іс қозғалмаған.

3 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан иесіз ит-мысыққа арналған «Белый Бим» баспанасының жетекшісі Екатерина Королеваның айтуынша, бәзбіреулер тапа-тал түсте көшедегі иттің не мысықтың басын жарып, құлағын кесіп алса да, тіпті елжұрттың көзінше сойып, терісін сыпырып жатса да, ол үшін ешкім ешқандай жазаға тартылмайды.

Үйінде төрт мысық ұстайтын Наталья Подкомаровская кейде көшедегі хайуанаттардың мүсәпір күйін көргенде жүрегі қан жылайтынын жасырмады. Даладан тауып алған бір мысығының көзін біреулер шұқып тастаған екен. Жанарының үнірейген орны ғана қалған соқыр жануарды ол 6 жыл бойы емдеуде. «Ота жасату үшін Ресейге апару керек, ал қазіргі пандемия жағдайында ол мүмкін емес», – дейді. Тағы бір марғауды қаңғыбас иттер талап жатқан жерінен құтқарып, үйіне алып келген.

Петропавл тұрғыны Галина Дергачева өз ауласында балалардың қаңғыбас мысықтарды азаптағанын жиі көретінін айтады. «Мен бұл мысықтарға дүкеннен азық сатып алып, ыдысқа сүт құйып беремін. Бір күні балалар оларды ұстап алып азаптап, мазақтап отырғанын көрдім. Тентектерге айқайлап ұрса бастап едім, балалар алаңында отырған аналары келіп өзіме дүрсе қоя берді. Ұлдары не істеп жатқанын көрсе де, жайбарақат отырған әйелдердің бұл қылығына қайран қалдым», – дейді қария.

«АДАМДАРДЫҢ ӨЗДЕРІ КІНӘЛІ»

Жануарларға жанашыр кәсіпкер, ит-мысыққа қызмет көрсететін «Миледи» сән салонының иесі Ольга Веркулеева балаларға дұрыс тәрбие беру керек деген пікірімен бөлісті. «Кейде ата-аналар балаларға ит не мысықты ойыншық ретінде сатып әпереді. Бұл дұрыс емес. Олар ұрпақтарының бойына жануарларға деген дұрыс көзқарас қалыптастыруы тиіс, бұл ойыншық емес екенін алдымен өздері түсінсе екен деймін. Ермек керек болса, тағы бала көтерсін», – деп қынжылысын білдірді ит-мысықтың шаштаразы Ольга Веркулеева. Ол Петропавлдағы қаңғыбас хайуандарға арналған «Белый Бим» баспанасына үнемі қайырымдылық көрсетіп, ақшалай, заттай қол ұшын созудан бір жалыққан емес. Баспанадағы жануарларға ол тегін қызмет көрсетеді.

«Белый Бим» баспанасының жетекшісі Екатерина Королеваның айтуынша, мұндай жанашыр азаматтар, кәсіпкерлер, ветеринарлық клиникалар баршылық. Дегенмен қиындықтар да шашетектен. «Ең алдымен, жануарларға азық-түлік сатып алу оңай емес. Бар қаражат осы мақсатқа жұмсалады. Екіншіден, оларға арналған торлар салып, оларды күтіп-ұстау қиын. Бұрын азық-түліктен артылған ақшаны тор салуға жұмсайтынбыз. Биыл ондай мүмкіндік жоқ. Иттерді бір-бірінен бөлек, таза, ыңғайлы торларда ұстаудың маңызы зор. Егілмеген төртаяқтыларды ұстауға карантиндік бокстар да керек.Үшіншіден, жануарларға оба, құтыру, энтерит сияқты ауруларға қарсы екпе егудің, емдеудің, ұрықсыздандырудың шығыны аз емес. Мемлекет тарапынан қаржы бөлінбейді. Биыл әкімдік тарапынан құрылыс материалдары түрінде бір реттік көмек көрсетілгеніне тәубе дейміз. Негізінен қалалықтар мен кәсіпкерлер шама-шарқынша көмек көрсетеді», – деген Екатерина Королева үнемі жұрттан жылу сұрап, алақан жая беруден кейде жалығатынын жасырмады.

Екатерина Александровна бірнеше батыл әйелмен күш біріктіріп, өз қаржыларына ашқан баспанада қазір 500-ге жуық ит пен мысық бар. Әрқайсысының «тағдыры» әрқилы. Олардың адам қолынан қандай азап көргенін тыңдаудың өзі азап.

> *Қаңғыбас жануарлардың санын азайту үшін мемлекет оларды аулап, атуға жыл сайын қыруар қаржы бөледі. Облыстық Ветеринария басқармасының мәліметінше, биыл бұл мақсатқа 61,0 миллион теңге бөлінген. Бұл былтырғыдан 26 пайызға көп. Бұл қаржыға 15 500-ден астам қаңғыбас ит пен мысықты аулап, көзін жою көзделсе, осы күнге дейін 10 мыңнан астамы өлтіріліп, 39,9 миллион теңге игеріліпті. Бұл көрсеткіш те былтырғыдан екі есе артық.*

Волонтерлардың пікірінше, мұның бәріне адамдар кінәлі. Көшеде қаңғыбас ит-мысықтың өріп жүргеніне де адамдарды айыптайды. Қаңғыған иттер балалар мен ересектерге шабуыл жасап, талап тастаған жағдайлар да кездескен. Мұның да түп-төркінін үй жануарын қаңғыртып жіберген адамның қатыгездігінен іздеу керек деп есептейді олар.

«ОРТА ҒАСЫРЛАРҒА ТӘН НАҒЫЗ ЖАБАЙЫЛЫҚ»

Қаңғыбас жануарлардың санын азайту үшін мемлекет оларды аулап, атуға жыл сайын қыруар қаржы бөледі. Облыстық Ветеринария басқармасының мәліметінше, биыл бұл мақсатқа 61,0 миллион теңге бөлінген. Бұл былтырғыдан 26 пайызға көп. Бұл қаржыға 15 500-ден астам қаңғыбас ит пен мысықты аулап, көзін жою көзделсе, осы күнге дейін 10 мыңнан астамы өлтіріліп, 39,9 миллион теңге игеріліпті. Бұл көрсеткіш те былтырғыдан екі есе артық. «Бір қаңғыбас жануарда аулап, жоюға орта есеппен 4 мың теңгедей қаржы жұмсалады. Бұл сомаға қажетті оқ-дәрі, жанар-жағармай сатып алу, жүргізушінің және ветеринар дәрігердің еңбекақысы, өлекселер мен биологиялық материалды жою шығындары енгізіледі. Иесіз жануарлар iKomek бірыңғай байланыс орталығына келіп түскен тапсырыстар немесе заңды және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша ауланады. Мемлекеттік ветеринарлық ұйымдар ай сайын атқарған жұмыс туралы Ветеринария басқармасына есеп береді», – деді облыстық Ветеринария басқармасының ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар бөлімінің маманы Баян Жұмабекова.

Жануарларға жанашыр азаматтардың пікірінше, бұл әдіс – орта ғасырларға тән нағыз жабайылық. «Иесіз ит-мысықтарды қанша атып жатқанымен, олар азаюдың орнына көбейе түсуде. Бұл тығырықтан шығар жол емес екенін неліктен билік басындағылар түсінбейді? Неліктен біздің адамдар соншалықты қатыгез? Жануарларды жақсы көрмегені өз алдына, неге оларға қиянат жасайды? Жануарларды ешқашан өлтіруге болмайды. Оларға көзқарасымызды өзгертпейінше, өркениетті елдер қатарына енуіміз екіталай», – дейді «Фауна» жастар қоғамдық бірлестігінің волонтері Зоя Павликова. Волонтер Наталья Подкомаровская да осындай пікірде. «Жануарларға қатыгездік танытқан адам әйелдер мен балаларға да дәл сондай мінез көрсетуі мүмкін екенін ғалымдар дәлелдеген», – деп қосты ол.

Қаңғыбас ит пен мысықтарға қарсы күрестің жалғыз ізгі жолы – ұрықсыздандыру. Оның өзінде ұрғашы мысық не ит тым болмағанда бір рет балалау керек деп есептейді олар. «Атуды доғарып, ұрықсыздандыру мен чиптеуді қолға алу керек. Онсыз 30 баспана ашсақ та, мәселе шешілмейді. Көптеген өркениетті елдер қаңғыбас жануарларға қатысты туындаған қиындықты дәл осы жолмен шешкен», – деген Екатерина Королеваның пікірі барлық әріптестеріне ортақ. Олар жануарларды атуға бөлінген қаржыны одан да ұрықсыздандыруға жұмсап, ветеринарлық клиникаға теңдей бөліп беруді ұсынады. Сонда ғана бірнеше жылдан соң еліміз қаңғыбас жануарлардан құтылмақ.

Зоя Павликова Германияда болғанында көшеде бірде-бір қаңғыбас ит не мысықты көзі шалмағанын айтты. «Онда адамдар хайуанаттарға мейірімді. Алған марғауын не күшігін бірден тіркеп, барлық екпелерін уақытылы салдыртады. Біздің адамдар қашан осындай деңгейге көтеріледі екен?», – деп қынжылыс білдірді ол. Сұрап білгеніміздей, Германия – жануарлар құқығы Конституциямен қорғалған әлемдегі алғашқы мемлекет екен.

Әрине, жануарларға деген көзқарасты бір сәтте өзгерте салу мүмкін емес. Кез келген жерде қатыгездікті күнде көріп жүрген жас ұрпақтың бойында мейірімділік болсын ба? Ол үшін кейінгі толқынның бойына жануарлар әлеміне деген махаббат, ізгілік сезімдерін ұялатудың маңызы зор. Бұл ретте Петропавлдағы «Гулливер» балабақшасының «Протяни руку лапам» жобасы үлгі тұтарлық. Сондай-ақ мысықтарды ұжым мүшесі ретінде ұстап отырған ұйымдар бар. Ондағы мақсат – анималотерапия, яғни қызметкерлерін жануарлардың көмегімен емдеу, күйзелістің алдын алу әрі әрине, егеуқұйрық пен тышқаннан қорғану.

Волонтерлердің пікірінше, бұл мәселеге мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, тиісті заң қабылданбайынша, түйінді шешу мүмкін емес. Әзірге олардың мұң-зарына құлақ асып жатқан ешкім жоқ.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».
Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».
Оспанхан Әубәкіров

АРА

«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».
Сейіт Кенжеахметұлы

№128

28.08.2021 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

Масқара мансап

Көкесінің арқасында бастық болған Әңгелек Қауынбайұлы жылап, еңіреп келді.

– Көке, менен бастық шықпайды.

– Е, неге?

–Сол, халық менен ықпайды…

– Ойбай?

– Орынбасарларым арызқойларды жықпайды, сықпайды, олар тек мені ғана ықтайды…

Оның жыларман болып айтқан сөзін тыңдап болған мықты «көкесі» көңілденіп сала берді. Жымиып қойып, соңынан сүметіліп еріп жүрген туыс інісіне ине сұғып алардай төне қарады:

– Әй, слуши, сен шайбасың.

–Қандай шайба? – деп сұрады ол.

– Хоккейшілердің шайбасы. Өмір – мұз айдыны. Тайғанақтайсың, сырғанайсың, құстай ұшасың, етпетіңнен түсіп, құсасың. Мен билік командасының бас шабуылшысымын. Сен жерге жалп етіп отырасың. Хоккейшілер секілді таяғыммен құйрығыңнан салып қаламын. Сен шайба болып, зымырай жөнелесің. Алдыңнан «Халық» командасы, немесе арызқойлар шықса, менің көмекшілерім, билік дәлізінен келгендер сені халық қақпасына қарай көздеп тұрып, көздеп тұрып…

– Ойбай – иии…

– Не, ойбайи?

–Құйрығым – ай, құйрығым!

– Әй, мен сені ұрған жоқпын ғой?

– Ұрмасаңыз да, ұрғандай болып кетті, көкеее!

– Сен шайбасың ғой, шайба!

–Шайба болмай – ақ қояйыншы? Арызқойлар арыз жазып, қызметтен қуылдым. Сотталып кетпегеніме шүкір.

–Тфу, олардың бетіне түкір. Сен шайбасың деймін.

– Шайба болып келіп тұрмын ғой.

– Жерге отыр!

Бір мекеменің бастығы болып, бюджеттің бүйірінен емемін деп, қызметтен қуылған інісі амал жоқ, жерге қазақшалап отырды. Көздері жыпылықтап. «Құйрығым тызылдайтын болды – ау!» деп ойлады ішінен. Көкесі таяқпен құйрығына салып қалды. Ойбай–иии! Сол екен, інісі зуылдағаннан зуылдап отырып, «Халық» қақпасына кіріп кетті. Кіріп кеткені былай тұрсын, қақпаның торын жырта сырғанап барып, тағы бір кабинеттің есігіне зуылдап барды да, креслоға қонжия қалды. Аузы ашылған ол қабылдау бөлмесіне келіп, есіктің жақтауына қарап еді, «Аудан әкімі» деген жазуды көріп, қуанып кетті! Жасасын, шайбалар! Кешіріңіз, кино сияқты болып кетті ме? Десек те, шайбаның ролін атқаратын шенеуніктер бар екен. Мәселен, екі жыл бұрын мектеп әжетханасында зорланған 12 жасар қыздың дауынан кейін қызметінен сырғанап кеткен Тараздың бұрынғы әкімі Қайрат Досаев, сол сырғанаған күйі бір басқарманың басшысы болып шыға келді. Шымкенттің бұрынғы әкімі Ғабидолла Әбдірахымов та, Арыста апат болып, ел әбігерге түсіп жатқанда, Лондонда пісте шағып жүр еді, ой, кешіріңіз, қыдырып жүргені үшін қызметінен қоштасқан, бірақ кешікпей, премьер министрдің сенімді кеңесшісі болып шыға келді. «Потому что, потому что» деп басына жұмыртқа жарылған бұрынғы министр Серік Әбденов те, сүрінгенімен, сүмірейіп жүре бермеді, Қазақстан темір жолы компаниясы басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып үлгерді. Енді мына қызықты қараңыз. Кісі өлтіріп, қылмыскер атанып, сотталып келген адамды мектеп директоры бейнесінде көре аласыз ба? Сенбеуіңіз мүмкін. Бірақ, бұл шырылдаған шындық. Павлодар облысындағы бұрынғы қылмыскер он жыл бойы мектеп басқарып келген екен! Қол шапалақтап қойыңыздар! Әне, біздің елдің деңгейі қандай? «Аққулы» ауданы, Б. Уақатов атындағы мектеп диреткоры Е.К. Дүйсенов бұған дейін «Қасақана кісі өлтіру» бойынша сотталған. Ал, мұндай қасақана кісі өлтірген адамның білім беру және тәрбиелеу ұйымдарына жұмысқа орналасуына жол болсын? Қысқасы, масқара болғандардың мансабында шек жоқ!

Жатыпатар ЖАНЫС

Дуалы ауыз

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.

«...мен миллардтаған доллары барларды байлар демеймін. Оған аузым бармайды. Олар – ұрылар. Ұрлықпен жинаған ақшаларының, дүниелерінің ішінде жүздеген адамның көз жасы, қарғысы, өкініші, мыңдаған бала-шағаның өксігі бар».

«Арамнан жинаған миллионерлер, миллиардерлер өмірмәңгі қорқақтар, өмірмәңгі өтірікшілер және жағымпаздар. Оны мен де, сен де, ол да – бәріміз жақсы білеміз. Өтіріктен, арамнан жиналған дүниенің ешуақытта берекесі болмайды. Оның иесі ешбір адаммен, тіпті өзінің қатын, бала-шағасымен де дұрыс өмір сүре алмайды».

Абу Райхан Беруни:

Бал аралары да өз нәсілінен бола тұрып жұмыс істемей, омартадағы балды бекерге жеп жататындарын өлтіріп тастайды.

Төмен дәрежелі адамдар да өзінен дәрежесі төменірек біреуге қожалық және басшылық жасаудан үмітсіз емес.

Бүгіннің ісін бітіріп, ертеңге шаруасы қалмаған кісі ақылды.

Ұлы жаңалық үнемі ашыла бермейді.

Кемеліне келген нәрсе артықшылықты да, кемшілікті де қабылдамайды.

Көзбен көрген есіткеннен абзалырақ.

Бұзық ниетті және жаман мінезді кісілер араға кіріп алса, іс әділ бітпейді.

Екі даугер разы болысыпты да, қазы разы болмапты.

Өтіріктен қашып, шындыққа жармасқан кісіні, басқа – басқа, өтірікшінің өзі де ұнатып мақтайды.

Шындық пен ақиқат – әр күні қажет нәрсе.

Тілдердің түрлі болуына себеп – адамдардың ру-руға бөлініп кетуі, бір-бірінен жырақ тұруы, олардың әрқайсысында бір-біріне деген мұқтаждықтың тууы.

Тілегіне жетуге тағдыр жәрдем бермеген кісіге қарғыс

айтылмайды.

Мишель Экем де Монтень:

Кімнің көп білетінін емес, кімнің жақсы білетінін түсінуге тырысу керек.

Ешқандай жауапкершілікті мойынға алмай үйлену – опасыздық.

Шынайы жетістік қаншалықты терең болған сайын, соншалықты шуы да жоқ дарияға ұқсайды.

“Екі тәнде бір ғана жан” болса, шынайы достар дегеніміз – солар.

Кім азап шегуден қорықса, сол қорқыныштан азап шегеді.

Кітаби білімділік – іргетас емес, әшекей.

Жұртты өлуге үйреткен адам өмір сүруге үйретеді.

Өзгені үйрету үшін өзіңді үйреткеннен де гөрі көбірек ақыл қажет болады.

Өмірдің өлшемі оның ұзақтығында емес, оны сіз қалай пайдаланғаныңызда.

Аз білетіндігінді білу үшін көп оқуың керек.

Ашық әңгіме – ол да сондай ашықтықты қалайтын шарап пен махаббат секілді.

Френсис Бэкон:

Байлық – жақсы қызметші, бірақ жаман қожайын.

Өсімқор біреудің адал тері арқылы күн көреді.

Адамның маймылға ең ұқсас жері – жоғары өрлеген сайын көтені көрінеді.

Жатса-тұрса қайтіп кек алуды ойлаған адамның жарасы жазылмайды.

Табиғатқа бас исең, ол да саған әрдайым бас иеді.

Білім маған күн көру үшін емес, білімге білім қосу үшін керек.

Балаларды тәттімен, үлкендерді антпен алдайды.

Біреудің жан дүниесін қазғаның оның қалтасын ақтарған секілді жайт.

Келешегі жоқ адам келешек жайында көп талқылайды.

Уақыттың көбін достарың ұрлайды.

Философтар жұлдыздар секілді оншалық жарық шашпайтындықтан, өте биікте тұрады.

Білім – күш. Күш дегенің білімде.

Аударған
Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ

«СВЕЖИЙ ЖҮРЕГІМДІ САТАМ!»

Біздегі банктер несие берген соң, өсіңкі пайызымен қанынды теспей сорады ғой. Шетелде шатыңды шапақтап отырып, несие ала береді екенсің. Бір пайызға ғана. Кедейлік көрімді қазып қояды ма, «Несиеңнен құтылмасаң, сотталып өлесің!» – деп пешенеме СМС жазылып қояды ма деп қайғырып, қымбатшылық қолтығыма қоянның қиын да тастатқызбайтын болған соң, көшеге көңілсіз шықтым, Адамдар көп жүретін жерге келіп, кішігірім плакатты ұстап тұрдым. Онда: «Свежий жүрегімді сатамын!» деп жазылған еді. Бір әйел келді. Көзілдірігін тағып, үңіле қарады. Тағы оқыды. Алды – артыма айнала шығып, тағы ежіктеп оқи бастады.

– Қалай сонда? Жүрегіңізді сатсаңыз, тырайып өліп қалмайсыз ба? – деп сұрады.

– Бес миллион теңгеге сатамын.

– Ойнап тұрсыз ба?

– Жоқ, аласыз ба деп ойлап тұрмын.

– Маған женский жүрек керек еді. Сіз...

– Мужской жүрек ештеңе етпейді.

– Ия, маған донор керек еді. Жүрегім түнде төрт минөтке тоқтап қала береді.

– Сіз де ойнап тұрсыз ба? Тоқтаса, тырайып қаласыз ғой, өзіңіз айтқандай.

– Жүрегімді ауыстырсам деп едім. Сіздің жүрегіңіз сыртылдап тұр ма, ыңқылдап тұр ма?

– Дүрсілдеп тұр. Өмірімде бірде бір рет тоқтаған емес, –дедім мен. Мына әйел мені мазақ етіп тұр әшейін. Бір кезде, шіреніп миллионер кісі келді. Ыңыранып тұр. Жүрегі ауырады ғой деймін. Темекісін будақтата сорып, бетіме үңілді де:

– Братишка, журек сатасың ба, не? За сколько? –деді. Хабарландыруды плакаттан емес, бетімнен оқып тұрғандай.

– Он миллион, –дей салдым.

– Дорого, дорого екен. Сенің журегинди донор етсем, арам адам болып қалмаймын ба? Сен арам адам емссің бе?

– Жоок, ақ көңіл бейшарамын.

– Ммм. Мен итак араммын. Жұрт солай дейді. Жүрегің қанша кило?

– Білмеймін.

– Кәдімгі махаббат пішіндес пе? – деп кекетті ол.

– Жоқ, кірпіш сияқты, –дедім мен де тырысып. Ол жөніне кеткен соң, өзін қалалық соттың төрағасымын деп таныстырған жігіт ағасы келді. Айтуынша, талайларды жазықсыз соттатып жібергені үшін жүрегі ауырады екен. Екі рет инфаркт алыпты. Жүрек тұсымды сипалап тұрып, жылларман күйде:

–Тегін бермейсің, ә? –деп сұрады.

– Жоқ, ағасы. Несием бар. Төрт миллион. Содан құтылсам болды.

– Өлгеніңе өкінбейсің бе?

– «Қалай құтыламын?» деп күн сайын тірідей өлгенше, бір рет өліп құтылғаным артық. Әке–шешеме салмақ болғым келмейді, –деп едім. Ол мені құшақтап тұрды да, күрсініп алып, кетіп қалды. Сәлден кейін бір министр келді. Жемқорлықтан сотталатынын біліп, жүрегі жарылайын деп қалыпты. Жүрегін ауыстырмақ. Ол мені оңашалап:

–Жүрегің өзіндікі ме? – деп сұады.

– Ия.

– Тошына?

– Тошына.

– Ұрлықы емес қой?

– Не деп тұрсыз?

– Маған сыйға бермейсіз бе? Бәрібір өліп қаласың дегендей...

– Жоок, несиемді жауып барып кетемін ана дүниеге.

– Ммм...Басқа жүрегің жоқ қой?

– Адамда жүрек жалғыз.

– Ааа... –деген министр де кетті. Халқын емес, өз жүрегін ғана ойлайтын министрден түңіліп тұрғанымда, қисаландап, бір алқаш кісі келді.

– О, жүрек те сатылады екен ғой? Менің жүрегімді кім алады екен? Жүрегімді сатамын, жүрегімді! Оригиналь жүрек! Самопал емес! – деп сарнап қоя беріп еді, аузын жаба қойдым. Жүрегім шымырлап кетті. Үйге барып, валериан дәрісін ішіп, өзіме–өзім әрең келдім. Содан бері жүрегім ауырады...

Кешіріңіз, оқырман, осылай деп бір таныс адамым әңгімелеп беріп еді. Содан бері біраз уақыт өткен. Сөйтсем, амалсыздан жүрегін сататын жігіт бар болып шықты! Бүйрегін сатқысы келетіндерді естігенмін, ал, жүрегін тірі кезінде сататынды бірінші рет естіп, көздерім алақандай болды. Қай бір жетіскеннен дейсіз? 27 жастағы ер азамат үш миллион қарызынан құтылу үшін әлеуметтік желіге жарнама беріпті. Күйініп. Ал, біздің елде тірі адамнан жүрек алуға заң бойынша тиым салынған. Тіпті, мәйіттің өзінен алу үшін туыстарының рұхсаты керек. Ал, бір ғана Нұр–Сұлтан қаласындағы кардиохирургия орталығында жүзден аса адам кезекте тұрған көрінеді. «Қазақстанда донорлықты көтеруіміз керек. Мұқтаж адамдарға көмек беруіміз керек. Қазір бізде медицина өте жақсы дамыған. Бізде барлық жағдай жасалған. Егер донор болса, біз неше түрлі санаттағы күрделі оталарды жасауға дайынбыз,» – дейді Ұлттық ғылыми кардиология орталығының кардиолог маманы Гүлжан Мырзахметова. Мәйіттердің сау жүрегін өзгеге алмастыру үшін де түйдектелген көп мәселе бар көрінеді, Құдай тірідей жүрек сатқаннан сақтасын!

Ақмарал ӘБДІ

ҚОРҒАУШЫСЫ ҚЫЗЫҚ ЕКЕН....

Құдай басқа салмасын, көлігіңізбен біреуді қағып кетіп, «на смерть» өлтіріп кетсеңіз бар ғой, әрине, жан далбасалап, сіз де қорғаушы жалдайсыз. Ол– заңды. Бірақ, сіздің қорғаушыңыз сізді ғана қорғайды. Сізді былықтан, батпақтан, шатпақтан алып шыққысы келеді. Ақысын асыра төлесеңіз, басқаша сайрайды.

– Бәріне кінәлі мына көлік!

– Мұны қалай түсінеміз?

– Доңғалағы алдынан адам өтіп бара жатқанда жарыла ма? Басқа жерде жарылса болар еді ғой?

– Ақымақ болып тұрсыз ба?

– Жоқ, көлік иесі әдейі қаққан жоқ қой? Алдынан адам өтерде доңғалағы жарылды да, адам өмірін жалмады. Доңғалақ үшін ол неліктен кінәлі болуы керек? Әрі беріден соң, марқұм жарылатын доңғалақтың алдынан неге жүгіріп өтеді? Техниканың аты техника ғой?

Міне дәл осылай сайрамаса да, көп қылмыскерлердің қорғаушылары ардан аттап, адамгершілікті ада етеді. Өйткені, олар қорғаушылар. Күдікті қылмыскер болса да, қорғау керек.

Ал, егер біреуді біреу атып өлтірді дейік. Атып өлтірген нағыз қылмыскер. Оның қорғаушысы қалай сайрайды?

– Ол атайын деп атқан жоқ. Ата салайыншы деген ой болған да жоқ. Бәріне кінәлі мылтығы. Шүріппесі басылып кетті. Шүріппесі құрғыр басылмай қалса болады ғой? Немесе, атылмай қалса... Жоқ, қасақана «пух!» етіп атылды да кетті. Анау байғұс жалп етіп, өлді де қалды.

Жарайды, негізгі мәселеге көшейік. Орал қаласындағы бұрынғы шенеунік Бауыржан Хайруллин әйелі Айнагүл Хайруллинаны қызғаныштың қызуымен өлтіріп тастауды күні бұрын ойлап жүрді. Әйелін отырса-опақ, тұрса-сопақ етіп, тіпті, жұмыстан кешігіп келген күндері үйіне де кіргізбейді екен.

– Қайда болдың?

– Жұмыстан келдім ғой.

– Жұмыстан кешігіп келгенің қалай?

– Автобус болмай...

– Автобус неге кешігіп келе береді?.

Үйіне кіргізген соң да, әйелін ұйықтатпайды екен. Төсегінде, аяғына таман отырғызып қояды да, қалғып бара жатса, аяғымен түртіп оятады. Осындай қорлауға шыдамаған әйелі анасына келіп жылайды. «Біз екеуміз екі бөлек адамбыз, онымен тұрғым келмейді! Ол мені тек қорлаумен келеді!» дейді. Артынша, қаскөй күйеуі, қала әкімшілігінің белді қызметкері болған Бауыржан Хайруллин адам шошырлық қылмысқа барды. Әйелін он сегіз жерден пышақтап өлтірді. Ендігі қызықты қараңыз. Күдіктінің де қорғаушысы болады. Бұл заңды. Күдіктінің қорғаушыусы Ғинаят Салықов қызық екен, былай дейді:

–Оның қалтасында жүретін пышақ жәй сувенир пышақ қой. Сән үшін алып жүрген. Міне, сот дәрігерлдік сараптамасы бойынша төрт рет кеудесінен пышақ салған. Ал, басқа 13–інің бәрі олар жеңіл жарақаттар. Қазір мен сізге Жоғары соттың постановлениясын көрсетемін. Бүкіл жарақат салғаны бар ғой, 30 секундтың ішінде. Ал, енді анандай қатыгездікпен жасау үшін оған енді уақыт керек!»

Қорғаушы күдіктіні қалай қарлығаштың қанатындай қақпалап, қорғап отыр десеңізші? Төрт – ақ рет кеудесіне сұққан дейді. Соның өзі ауыр қылмыс емес пе? Қаншама рет сұққыласа да, әйелін өлтіріп тынды емес пе? Шамасы, күдіктінің жазасын жеңілдету үшін сасқан үйрек артымен жүзедінің керін келтіріп отыр–ау?

Ал, жәбірленушінің туыстары күдікті күтірлетіп бидай жеп, арпа асап кетеді ме деп қорқады\. Күтірлетіп бидай жеу–жындылардың қолынан келеді деп меңзеп жатқандары ғой, Өйткені, күдікті Алматыға психиатриялық сараптамадан өтуге жіберіліпті. Кім біледі, аузы – басы қисаңдап, «жынданып» келе ме, әлде, темір торға тоғытылатын болдым деп мұңданып келе ме?

Ратхұм МІРЕШ

СҰМДЫҚ ЕКЕН!

Анасынан туыла салып, сөйлеп кеткен шақалақ, талайларды шалқасынан түсірді. Тіпті, бір акушер маңдайын қабырғаға соғып алып, кәдімгідей ісірді. Астанадағы нөмірі бірініші перзентхананың бас дәрігері сөйлеп кеткен, әрі жүріп кеткен шақалақ кабинетіне кіріп келгенде, креслосынан сырғып, еденге жата қалды. Шақалақ болса, оны ала көзімен ата қалды .Бас дәрігердің жанына келіп:

– Сәлеметсіз бе? –деп амандасты, оның сөзін естігенде, бас дәрігердің өңі жаман қашты.

– Іздірәстите.

– Қазақша сөйлеңіз.

– Амансың ба?

– Немене, өліп қалды деп пе едіңіз?

–Жо–жоға, амандасып жатқаным ғой.

– Сіздің перзентхана мейірбикелеріңіз бен мен акушерлеріңізде жүрек жоқ екен!

– Неге, оларда былқ–былқ еткен жүректер бар.

–Олар тас жүректер.

– Не–неге олай дедің, шақалақ?

– Жегіңіз келе ме, шапалақ?

– Кешір. Не болып қалды? –деп сұрады бас дәрігер.

– Ойбай–ай, кіндігіңіз де кесілмеген бе?

– Мейірімсіз дәрігерлеріңізді күте–күте шаршадым ғой! Не деген сұмдық! Не деген қатігездік! –деген шақалақ кабинеттен шығып кетті де, дәлізде жатқан анасының кеудесіне шығып, жатып алды. Көз жанарынан жас тамшылары ағып жатты. Перзентхана дәрігерлеріне қапа болып жатты...

Кешіріңіз, құрметті оқырманым, сіз шынымен сеніп қалдыңыз ғой деймін? Нәресте туыла салып, сөйлеп кетпейтін шығар? Ол тек фантастикалық фильмдерде ғана болады емес пе? Дегенмен, сәл сабыр етіңіз, шақалақ сөйлеп кетпесе де, Нұрсұлтандағы нөмірі бірінші перзентханада сұмдық оқиғаның болғаны рас көрінеді. Астана тұрғыны, көп балалы ана Гүлвира Исаева алтыншы баласын ешкімнің көмегінсіз, дәлізде өз күшімен босанған. Тіпті, толғақ қысып, қиналып жатқанда да, мейірімсіз мейірбикелер мен дәрігерлер жанынан табылып, көмек көрсетпеген! «Сұмдық екен!» деп қоя салуға болар ма? Ол ол ма, өзі күшеніп, шақалақ дүние есігін ашқанда, жанынан өтіп бара жатқан санитар еш тазалықты сақтамастан, қолындағы кір-кір пакетті қоя салып, нәрестені

– Сіздің қызметкерлеріңіз анамды адам ғұрлы көрмеді ғой!

– Қалай соонда? –деп қорқа қарады бас дәрігер.

–Анам жаңа ғана мені өз күшімен босанды. Орын жоқ болған соң, дәлізде босанды.

– Шынында орын жоқ.

– Мейлі ғой, акушер неге мені босандырып алмады? Жаман қапамын! Өліп қалсам ше? Анам өліп кетсе ше?

– Құдай сақтасын!

– Не деген мейірімсіз едіңдер? Жарық дүниеге келмей жатып, жақтырмадыңдар! Кейбір адамдар осындай, қатігезсіңдер ме? Менің жазығым не? Кешірім сұраңыз менен!

– Ке–кешіріңіз...

– Перзентханаңызда тәртіп сұмдық екен! Акушеріңіздің пейілдері сұмдық екен! Бәрі, бәрі сұмдық екен! Таңдайымды көтеріп қойыңызшы?

Бас дәрігер кіндігі шұбатылып жүрген шақалақтың таңдайын саусақтары дірілдей көтерді.

– Абайлаңыз, кіндігімді басып кеттіңіз ғой!

анасының көкірегіне қойған. «Держи своего ребенка!» деген. Анығын айтқанда, толғағы қысып, қиналған анаға акушер келмеген. Перзент ханаға түскен ананы дәрігерлер тексеруден де өткізбеген. Нұрбақыт есімді акушерге қан кетіп қалуын айтқанда, «Білгіш болсаң, өзің босанып ал!»деп кекеткен-мыс. Кешікпей, дәрігерлер келіп, баланың кіндігін кескен. Үсті – басын сүрте бастапты. Сосын, жауапты акушер кешігіп келіп, мысқылдай құттықтаған көрінеді. Өзінің каспий голд нөмірін айтыпты. Гүлвира айтады: «Демек, оған рахмет айтып, ақша салуым керек екен. Мен ешқандай да ақша жібермедім. Сосын, мені палатаға ауыстырды. Ол жерге каталкасыз жаяулап, әрең бардым. Босану бөлмесінде маған жатқан жерімізді жинатып қойды. Сол кезде көрген қан есімнен кетер емес! Менің бес бала туған тәжірибем бар, ал, алғаш босанған әйел менің орнымда болса, арам қатар еді!»

Ойпырмай, оқиға рас болса, сұмдық екен, а?

Марал РАМАН.

«ПАРА, ПАРА, ПАРАДУЕМСЯ...»

Берсең, пәлеге қаласың, бермесең, жұмысың жүрмейді. Берсең, жұмысың жүреді, бермесең пәлеге қаласың. Бұл қандай жұмбақ? Оңай шешілетін жұмбақ қой, шешуі–пара. Парақор сөзінің ортасынан бөліп қарасақ: Пара+қор. Параның қоры деген мағынаның мүйізін шығарғандай. Тағы да: Пара+қорлық. Парақорлықтың мағынасы майысып, параның қорлығы дегенді дедектетіп алдыңызға әкелгендей. Тіпті, парақорлық туралы өлең де шығардым:

Кеше бір бастыққа пара бергім,
Келді де, күні бойы бара бердім,
Бара бердім, бара бердім,
Бара бердім, бара бердім,
Тағы да бара бердім, бара бердім,
Туу, тағы да бара бердім, бара бердім!
Қалтама ақша салып, ала келдім.
«Алмасаңыз, көңілім нала» дедім,
Оны қойшы, түнімен ұйықтамай
Мәселені дер кезінде тұйықтамай,
Жүрегім құрғыр жара дедім.

Ол мені көзімен шомылдырып,
Қолымды сабындап, жуып шықты,
Қысқасы, осырақ қоңыз қылып,
Кабинетінен қуып шықты!
Сонда да бара бердім, бара бердім,
Бара бердім, бара бердім!
Сағат сайын бара бердім, бара бердім,
Минут сайын бара бердім, бара бердім,



Иіліп тұрып өзіне,
Тура қарап, көзіне,
Келді оған пара бергім.

Бірақ бастық бөгеп жолымды,
Сабындап жуып қолымды...
Ия, асықпай жуып шықты,
Жуып болды да, жымиып,
Кабинетінен қуып шықты!

Ойпырмай, ал десең де алмайтын,
Парқорлыққа бармайтын,
Қаны таза қазақ екен,
Адам боп, пара бере алмасақ,
Ковидтен де азап екен!
Ағаштан мүсін ою керек,
Пара алмайтын бастыққа

«Мынауский» ескерткіш қою керек!

Ее, мұндай пара алмайтын бастық болса, мұрнымды кесіп берейін! Қазір біздің елде парақорлық оты лапылдап, маздап тұр ғой! Мәселен, Оралдағы мемлекеттік кірістер басқармасының бұрынғы бастығы Нұрлан Әлхиев те пара алғысы келген. Денесі ысып, алақаны қышып, түнімен ұйықтай алмағаны да бар. «Саудает» ЖШС–нің құрылтайшысы мен бас бұхгалтері оның кабинетіне келіп, серіктестіктің банктік шоттарындағы шектеулерді алып тастауға көмектесуін сұранды. Нұрекең ым қағып, бас бұхгалтердің жоқ болып кетуін өтінді. Бас бухгалтер жоқ болып кеткен соң, қағазға үш сұрақ белгісін қояды. Бұл оның жасырын түрде кәсіпкерден 3 миллион теңге сұрағаны еді. Басын изеген кәсіпкер кабинеттен шыға жөнеліп, қайта айналып келіп, 3 миллион теңге пара берді. Бірақ, «окей» болмай шықты. Базадағы шектеулерді бастық та өшіре алмайды екен! Басын салбыратып, қайта көтерді, қайта –қайта жөтелді. Бірақ, өшірте алмайды екен! Бүкіл Қазақстан бойынша базада сайрап тұр! Амалы ашыған айран болған Нұрекең кәсіпкерді қайта шақырды. Ақшасын қайтарып бергісі келді. Ойпырмай, «Алған жоқпын!» деп тайқып шыға салса да болады ғой? Жоқ, ол алған парасын қайтарып беріп жатқанда, қолға түсті!

Ал, Қызылорда облысы мәдениет басқармасы бастығын да Құдай қос қолдап тұрып ұрып, нокаутқа түсірді. Ол жеке кәсіпкерден нысанды кедергісіз қабылдап, оған тиесілі қаржыны уақтылы аударып беруі үшін бір миллион теңге көлемінде пара алған. Құтты болсын айтамыз! Қызылорда облысы пара алудан алдыңғы қатардан көріне бастады. Бірер жыл бұрын Қызылорда облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаменті бастығының бірінші орынбасары, әділет майоры да пара алу үстінде көздері балыран ете қалған болатын. Ол өзінің қарамағындағы қызметкерге: «Ой, айналайын! Өй, алтыным сол! Мен сенің шатырыңмын!» деген жылы сөздер айтып, қамқор болып жүрейін деп, шоқ басып қалды.

Көрдіңіз бе, парақорлық, жемқорлық дегеніңіз Қазақстан экономикасына жыл сайын 3,8 миллиард доллар шығын әкеледі екен! Осындайда, екі жыл бұрын өткен мына бір оқиға еріксіз есіңе түсіп, бас шайқайсың. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары Алмат Ермағамбетов қыздарын Астанадағы университетке түсіру үшін, Ботакөз Бименова деген азаматшаға 20 000 доллар пара берген. НУ проректоры алаяқ азаматша сол университеттің туысым деп алдап соққан. Айлар бойы жоғалып кеткен соң, шенеунік оның үстінен арыз жазып, қылмыстық іс қозғатады. Осындайда ойланып қаласың, пара берген де қылмысты жасағаны үшін жауап береді емес пе? Тап бір өзі пара беруді заңдастырып алғандай. Мұны айтып отырғаным, көп адамдар, әсіресе қарапайым халықтың дені пара бергеннің де жауапқа тартылатынын ескермейді немесе білмейді.

Пара, пара... Парадуемся, на своем веку... деп әндеткісі келеді.

Мұхтар ШЕРІМ

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениет, сыбайлас жемқорлықты жуытпайтын тұрақты иммунитет, оны жариялы түрде айыптау болмайынша, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес..

Nur Otan партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасынан.

ФЕЙСБУК-СОҒЫС АЛАҢЫ

Баяғыдаа, екінші дүние жүзілік соғыс басталарда Левитан былай хабарлап еді ғой: «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Фашистік Германия әскерлері таңғы төртте СССР – ге тұтқиылдан шабуыл жасады!»

Бүгінде былай хабарлағым келеді: «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, өсекшілер мен бейпіл ауыздар, қараулар мен қорқаулар, сатқындар мен жағымпаздар түнгі төртте фейсбуктегі постыма тұтқиылдан шабуыл жасады!»

Мәселе хакерлер туралы емес, мәселе, этиканды эксватормен талқандап, мәдениетінді майдалап, құйқалап, адамгершілікті арбамен айдалаға апарып тастап, құқынды қоқысқа лақтыра салатындар, әлеуметтік желіде желпініп, атойлап жүргенін таң қалам. Олар сенің кім екеніңде, кім болғаныңда жұмысы жоқ. Постыңызға «памперс» кигізбесеңіз, қараптан – қарап, ішіңіз өтеді. «Тамшы тасты бұзады» дегендей, артыңнан ызыңдай берген соң, фейсбукті жылы жауып, барса келмеске қашып кеткіңіз келеді. Ойбоой, фейсбук бүгінде үшінші дүние жүзілік соғыс алаңына айналды. Мұнда бірін – бірі көре алмайтындар, ақшасын бөле алмайтындар, сөзге тоқтап, уақытша өле алмайтындар шайқасы басталғалы қашаан! Жеке басқа шабуылдаудың, заңмен құдаланатынына пысқырып та, ысқырып та қарамайды!

Небір адам айта алмайтын сөздерді құсып, жарқанат болып ұшып, кейбіреулерді тырнап, беттерін макияжбен сырлап, өтірік смайліктермен күліп, үретін жерлерде үріп, айтақтап, айқайлап, шешеден сыбап, енді бірі жылап, енді бірі данышпандай ақыл айтып, енді бірі көңілдесімен көрпе астында фб көрген соң, үйлеріне қайтып, талайлар сөзге таласып, түнімен айтысқан соң, кешке ғана жарасып, бір-бірінің жазбаларын скриншоттап, аузына келгендерін оттап, фейсбукте тоқал іздеп, «Миллионерсіз бе ағай, сіз?» деп, төсек жайлы шатпақтап, ұйқасы жоқ өлеңдерін тақпақтап, желіде сұмырай сұрақпен сабалап, әлдебіреуді фб – да табалап, эффектімен әрленген суретін «сұлумын» деп сала беріп, жігіттерді кірпігіне іліп, махаббатқа пара беріп, ал жігіттер, «сені сүйем!» деп, «Сен үшін фб–дағы отқа күйем!» деп, қысқасы, ұзын сөздің нұсқасы: Бірі-тот, бірі-щот, бірі -ашық, бірі-сасық, бірі-мылжың, бірі -ызың, бір-адам емес, рас, желідегінің бәрі надан емес...

Дегенмен, фб–дағы соғыс алаңында түтанған от әлі сөнер емес.

– Сен әбжылансын! – деп жазса Фбда. Жақсы көріп, қуанып кетіп:

– Ия, әбжыланмын! – деп жаза салмайтын шығарсыз?

Соңғы кезде жас жазушы, талантты жазушы Ая Мантайдың өзіне қол салып, о дүниелік болуына байланысты, Фейсбуктегі соғыс өрті одан сайы ушығып кетті. Бір жазбагер кезінде «Ақжүніс» бағдарламасымен көзге түскен Сәуле Әбединованың, Түркістан облысы ішкі саясат бөлімінің су жаңа бастығы Мәди Манатбектің, белгілі адвокат Абзал Құспанның суреттерін рұхсатсыз жариялап,

оларды Аяның өліміне кінәлі әбжіландар деп жариялады. Олардың бұл жағдаятқа қандай қатысы бар, не жоқ екенінде шаруам жоқ, айтайын дегенім, олар туралы моральдық этикаға жатпайтын, ар – намыстарын таптайтын, мәдениеттен жұрдай сөздермен адами құқықтарын бұзуға кім рұқсат берді? Соттың ролін ойнап, үкім шығаруға қалай барды? Фейсбукті жас та, кәрі де оқиды, оқығандарын тоқиды, тоқымаса, бір екі тістегендей шоқиды. Біз сонда жастарға қандай тәрбие беріп жатырмыз?

Ойпырмай, Ая Мантай марқұмның әруағынан да қорықпайтындар осы үшеуін жерден алып, жерге салды. Ту – талақайын шығарды, жүндей түтті. Сөзбен сабалады, қай жерге баратындарын өздері ғана шамалады. Фейсбуктен сасық иіс шығып кетті, кейбіреулер өз пайдалары үшін, достарын да жығып кетті. Тағы да қайталап айтайын, мен бұл үштіктің жазушы Ая Мантайға қандай қатысы барына бас қатырмаймын! Оны құзырлы орындай анықтайды. Бұл солардың жұмысы. Бірақ ауыз , ауыз деген кейде жауыз екенін ұмытпайық та?

Тіл мен жаққа сүйеніп, адамның жеке басына шабуылдау абырой ма? Әбжылан дегенді қойшы, осы үшеуін «жәлептер» деп жазған біреу болды. Масқара! Әне, біздің деңгейіміз! Осы сөзі үшін оны сотқа сүйреп, моральдық шығынды өтеп алуға да болады. Олар заңды білмейді. Білмеген соң, осындай оспадар жазбалар қалдырады.

Ая Мантайдың өлімінен кейін парламент депутаты «Әлеуметтік желі» Кодексін қарауды ұсынды. Керемет! Депутат тұлғаның немесе азаматтың жеке басын сынауды емес, ол атқарып отырған жұмыстағы кемшіліктерді сынауды алға тартты. Керемет! Бірақ, осы кодекс қабылданар болса, шенеуніктер өз жағдайларын ойлап, сөз бостандығын «тұтқындамаса» болғаны.

Ал, Ая Мантай «Адамдар өзіне ұқсамаған адамдарды жерлеуге асығады» атты жазбасында: «Жаныңды кірлеткің келмейді, жан–дүниеңді барынша таза ұстағың келеді. Бірақ, бар болғаны пендесің. Жаның тым нәзік болса, тіпті қиын! Жағымпаз адамдардан қашам. Қараймын, олардың жан–дүниесінде бір тыныштық бар. Олар жағымпаздығына тіпті де, арланбайды. Жағымпаздық қасиетімен ақша жасайды...» деп жазды. Жағымпаздар жайлаған, арамдар лайлаған өмірде, шынында жанын кірлеткісі келмейтін адамдар моншаға қанша барса да, жан тазалығы, кірі кетпейді. Ая, топырағың торқа, жатқан жерің жарық болсын! Фейсбукте сенің айналаңда өршіген көбік сөздер үшін кешірім сұраймын!

ЛараМАНҚЫЗЫ

ТОЙЛАРҒА ТЫҒЫЛЫП БАРАМЫЗ!

Бізде той көп, бірақ ой жоқ. «Тойымыз бітпесін!» деген жылы сөзді жүре-гімізге сақтап, бір–бірімізді той тарқағанша мақтап, «пандемия кезінде де тойымыз жалғаса берсін!» дегендерді жақтап, тойдан кейін топырлап, ана дүниенің есігін қағып, тозақтың шамын жағып, бір–бірімізді аямай тобықтан қағып жатырмыз!

Меніңше, ақыры той дегенде өледі екенбіз, тірліктен, бірліктен бұрын тойға көңіл бөледі екенбіз, тойларға тығылып барғанды қоя салу керек. Тойға адам деген қуанып бару керек емес пе? Артқы есіктерден кіріп, «Ойбай полиция!» деген дауыс шыққса, столдардың астына кіріп кеткенше! Сондықтан, тойға шақырылғандардың бәрі полиция формаларын киіп келсе... Той иесі, отағасы–генерал–майор, әйелі – маршал (Әйелдер билеген заман ғой...) формасын киіп келетін болса ғой, ешкім тойыңыздың шырқын бұзбас еді. Қараңыз, полицей құдаларыңыз, құдағиларыңыз, старшина нағашыларыңыз, сержант бөлелеріңіз, ефрейтор күйеу балаларыңыз тойханаға алдыңғы есіктен кіріп барады.

– Жиналыс құтты болсын! –деседі. (Той құтты болсын!– деп айтуға болмайды.)

– Рахмет, жиналыс жиналысқа ұлассын!

Содан, облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, полковник шеніндегі форма киіп алған асаба той бастайды:

– Армысыздар, полиция ағайын,
Сіздерге бүгін жағайын,
Сөз беремін біртіндеп,
Әліптің артын бағайын!
Пойызда бар вагондар,
Полицияда погондар,
Хош келіпсіздер, жиынға,
«Сен тұр, мен атайын!»
Дейтін, дейтін «огондар!»

Аса құрметтті жиналысқа келген құда полицейлер! Құдаңы КНБ – эчниктер, лейтенант қонақтар! Жиналысымыз құтты болсын! Жас полицейлер бақытты болсын!

Полицияны мың жылдық деп айтпас бекер,
Жиналыс ортақ бізге, көңіл көтер,
Полицейлер бір–бірімен тату болса,
Жас полицейлер мұратына сонда жетер! – деді.

Одан соң бір полиция бөлімшесінің бастығы сөз алды:

– Айналайын, шырақтарым! Ата–енеңдей болып кеткен полиция бастықтарын сыйлаңдар, Қос МАИ авто көліктеріндей, қатар жүзіп, ой, қатар жүріп, офистерің биік болсын! Давай, сол ішін алып қойыңыздар!

Асаба: – Ал, құрметті жиналысқа келген құда... ой, қонақтар, депутаттар, полицейлер, бастықтар! Жиналыстан шаршаған боларсыздар, ковидке қарсы жаттығу жасайық! Ортаға шығып, биленіздер! Би! «Аспанға қараймыз, Балмұздақ жалаймыз, айлық бергенде бәріміз, ақшаны санаймыз!»

Содан не керек, би басталады! Депутаттар жүр секіріп билеп! Полиция бастықтары жүр кекіріп билеп! Былай қарағанда, ештеңе бұлінбейді ғой. Қашанғы тойға тығылып бара бересіздер?

Елде пандемия да, короновирус та өршіп өршеленіп тұр. Апта сайын, апта сайын емес–ау, күн сайын ауырғандар о дүниеге кетіп жатыр. Соны біле тұрып, той жасап, құда күтіп, қыз ұзататындарға таң қаламын. Не деген соншама тойшыл халық едік? Әншілер де тойлардан қалар емес. Тіпті, әнші Әбжаппар Әлқожа дейтін біреу тойларға тығылып барып, ақша тауып жүргенін жасырмады да. Ал енді біреулер: «Тойымыз бітпесін!» деп инстаграмға той суреттерін салғанға мәз. Сонда бізге қашан ақыл кіреді? Мына пандемия қазақ үшін, адамзат үшін мәңгілік емес шығар? Шымкентте тойлар өте жасырын өтіп жатыр. Тойханаға артынан тығылып кірген соң, той біткенше далаға шығу деген жоқ! Сол, стол басында қорқып отырғаның. «Келіп қалды, ойбай!» деген дауыс естісең, есіңнен танып қаласың. Жегенің желкеңнен шығады. Шәйіне шашалып, тауық етіне қақалып, әбігерге түсесің. Не деген қорқынышты тойлар? Бүйтіп, әбігерге түскенше, жасамай–ақ қойған жақсы емес пе? Жалғыз Шымкентте ғана емес, Тарзада, Алматыда, астанада, көп өңірлерде осылай тойларға тығылып барып жатыр! Құдай тығылып той жасағаннан сақтасын! Ашық күнде аман – есен жүздесейік, ағайын!

Марал МАНТАЙ

НЕ БОЛЫП КЕТТІ ӨЗІ?

Ашу – Ауғанстан. Ауғанстандағы соғыс сияқты дегенім ғой, Ақыл–астана. Ақылды шешімдер қабылдайтын Нұр–Сұлтаным дегенім ғой. Ашулы екенмін деп, ойға келгенді жасай берсек, қылмыстық кодекс заңдарына шырмалып қаларымыз заңды емес пе? Ертеректе Шымкентте жігіттер бір кафеде сыра ішіп отырады. Аралырындағы екі жігіт жілікке таласқандай, ерегісіп қалады. Сонда бірі екіншісінің көзіне кәуәптің істік темірін тығып алса керек. Көзі ағып түскен жәбірленуші өлім аузынан әрең қалды. Ал, бұзақы алты жылды арқалады. Сонда дейміз, ашуды арқандап тастап, ақылды алақанға салғанда, әлгі бұзақы сотталмас еді, жәбірленушінің көзі аман қалар еді.

Бүгінде «Не болып кетті өзі?» деп таң қалатын оқиғалар көбейіп кетті. Ашуға булыққандар табан астында не істеп, не қойғандарын білмей қалады. Ал, сіз ененің шанышқыны газға қыздырып алып, асықпай келінінің бетіне баса салған сұмдығын көрдіңіз бе? Жарайды. Жемқорлардың, ұры–

қаралардың, педофильдердің бетіне қыздырылған темір басса күлеміз де қоямыз. «Еее, осындай да заң бар ма еді?» деп. Ал, газ плитканы жууды ұмытып кеткені үшін келінінің бетіне шанышқы қыздырып басқанды өз басым бірінші рет естіп, таң қалып отырмын.

– Әй, газ плитаны жудың ба?–деп сұрады енесі.

– Ұмытып кетіппін.

– Басың бас па, жоқ әлде доп–домалақ тас па?

– Бас.

– Сенің миың кеуіп қалған.

– Оны қайдан білесіз?

– Күн ысқта көп жүресің, кеуіп қалған ғой!

– Апа, не болды сонша, жуамыз ғой?

– Неге бір айтқаннан жуып тастамайсың?

– Апа, келін деген құл емес қой.

– Көрсетем саған құл еместі! –деген енесі ашудан қалшылдап кетті.

– Апа, дірілдемесеңізші?–деп келіні енесін құшақтай алды.

– Құшақтама мені!

– Е?

– Ток ұрады!

– Мен.. мен сонда токпын ба?

– Тоқтан да жамансың!

– Қойыңызшы, апа...

– Қоймаймын! Қазір саған көрсетемін!–деген Ыза–күйікпен ашуланып істедім. «Газ плитаны жумапсың, жуа салмайсың ба?» деген едім. Халықтан істеген ісім үшін кешірім сұраймын. Енді бұлай қайталамаймын.»

Не болып кетті өзі? Ашуланғандар дегенін істей береді ме? Ал, Шымкентте ашуланған әйелі күйеуінің иығынан қыршып тістеп алған. Әрине, ұрыс–керіс кезінде. Күйеуінің иығын тістегеніне қарағанда, ашқарақ әйел болды ғой деймін. Бүгінде жарақаттанған күйеуі ажырасу үшін соттасып жүр. «Иығынды тістегенге бола ажырасамын дегенінді қой!» деген көршілеріне: «Бір күні мұрнымды шайнап жұта салса ше? Құлағымды жұлып алса қайтемін? Тістейтіннен гөрі, «жаныым!» деп иіскейтін қатынға үйленемін!» депті.

Немене болып кетті өзі? Ашу–дұшпан екенін білеміз. Тағы бір қызметкер ашу үстінде бастығының бетіне былш еткізіп түкіріп кеткен дейді. Ал, бастығы бетін сүртпестен, отырғанына он күн болыпты. «Кешірім сұрап, бетімді ақ орамалмен сүртіп кетсін!» дейтін көрінеді.

Қалай десек те, ашумен істеген іс пұшпаққа шығара ма?

Әй, қайдам?

Ақмарал ӘБДІРАМАНОВА

ШЫТЫНАҒАН ШЫНЫ ЗАУЫТ

Шыны десе біреулердің шекесі шым етеді, біреулердің басы дың етеді. «Бұл өзі не қылған тыным таппайтын бас?» деп басыңыз қатып отырған шығар, мәністейік. Шекенің шым ететіні-басжазарға бақыр тиын таппай мәңгіріп отырғандардың еншісінде. Ал, дың ете қалса, бұл енді жағдайдың ауыр екенін білдіреді.

Иә, дұрыс айтасыз, әңгіме Қызылордадағы шыны зауыты жайында. «Ой, несін айтасыз, шыны зауытын 2017 жылға қарай құрылысын толық аяқтап, ЭКСПО көрмесіне дайын өнімдерді қаздай тізіп қоямыз» деп біреулер өңештерін жыртып күллі әлемге жар салып еді, соңы сиырқұйымшақтанып, ақырында біреулердің ұзақ мерзімге сотталып кетулерімен тынды.

Біздің ауылда Елпекбай деген бір көкеміз бар. Сол кісінің Қожанасырдың әңгімелеріне бергісіз әңгімелері жүдә көп-ақ. Шыны зауытын салып жатқан алпауыт компанияның баһадүр басшылары бірінен соң бірі ұсталып, қолдарына кісен салынғанда айтатыны елдің әлі есінде. Сол Елпекбай жәкеміз: «Циркте болмаса шыны жегенді көрген жоқ едік, мыналар қайдан шыққан жалмауыз?» дегенде естен танып қалмасақ та, жата қалып, іштерін басып күлгендер аз болмады. Шыны түгілі бомба жарылса да былқ етпейтін айдаһар асқазандар көздеріне елестеді ме, басқа да себептері бар ма, әйтеуір осы сөз қопалдау айтылса да ішегі түйілгенше күлгендер көп болды.

Содан бері де саусақ бүгіп санап отырсақ, төрт жыл жылжып өте шығыпты. Бірақ, баяғы жартас-сол жартас. Заңғайыр зауыттың зың бастықтары «құрылысты әне бітіреміз, міне бітіреміз» деумен елді шаршатып тынды. Күн артынан күн аунап, ай артынан ай аунап сырғып өтіп жатыр. Құр қиялдан қанағат тауып жүрген қызылордалықтардың қызуы қазір құмдағы аптаптан да жоғары. Шыны-шыны деп жүріп, дымы құрығандар қаншама!

Құрылыс барысын бақылайтын арнайы мекеме бар, облыстық әкімдіктің құрылыс басқармасы бар, шыны зауытындағы шындықты мың құбылтады. Біреусі «саспаңыз, зауыт ертең ашылады» деп сендіреді. Біреусі «әй, қайдам, тағы да жемқорлықтың құлағы қылтия ма, қайдам!» деп аспандағы қара бұлтты басқа әкеліп төндіреді. «Зауыт мына күні, мына сағатта салтанатты түрде ашылады» деп нақты ақпар берер бір пенде таппай жігеріңіз құм болады. Мұны қайтесіз, қарапайым сауалдан қашып, талай басшы ауызына құм толып, жым болады. Мұндай тығылмашақ ойыны жүрген жерде, әрине, жын болады.

Енді алып зауытқа бөлінген қаржыны сұрамаңыз, таңданғаннан талып қаласыз. Не сең соққан балықтай сенделіп, біраз жерге барып қаласыз. Не де болса айтайық, құрылыс жұмыстарына бөлінген қаражат 52 млрд теңге! Өндіріс орны жылына 197,1 тонна шыны шығармақ! Зауыт өз елімізді ғана қарық қылып қоймай, шетелдерді жарылқамақ. Бүгінде зауытты 11 мердігер компания жабылып бітіре алмай жатыр. 200-ден астам құрылысшы қолдары күс-күс болып, тырбаңдап жатыр. Егер зауыт толық қуатында іске кіріссе 160 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деген тағы бір «сыбыс» бар.

«Чайна Триумф Интернешил Инжиниринг» атты компания Қытайдан келген дегенді бүгінде әкімдіктегілер жасырып отырған жоқ. Өндіріс орны АҚШ, Қытай, Италия, Финляндия сынды елдердің заманауи құрылғыларымен жабдықталады деседі. Құрылысқа қажетті заттардың 97 пайызы Еуропа мен АҚШ-тан алдырылыпты. Жергілікті құрылыс материалдары да пайдаланып жатқанға ұқсайды. Егер зауыт толық пайдалануға берілсе, өнімнің 50 пайызы шетелдерге шығарылмақ. Қазір мұнда жұмыс істейтін мамандар іріктелуде. Мердігер компания басшыларының айтуларына қарағанда, мұнда шетел тілін білетін, оның ішінде ағылшын тілін білетін білікті мамандар ғана жұмысқа алынбақ. Япырай, тағы да жергілікті тұрғындар сорлады десеңші. Ағылшын тілі түгілі өз тілдерін түгендей алмай жүрген қазақтар тағы да жұмыстан қағылады да.

Зауыттың созбалаңға салынып, әне ашылады, міне ашылады деп көтерем өгіздей сүйретіліп келе жатқанынан қорыққан қызылордалықтар «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» деп шошынып отыр. Оның үстіне мердігер компанияның «шайша» деген атауының өзі жан шошытады екен...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ.

ЖҮЙКЕМДІ ЖҮНДЕЙ ТҮТТІҢ-АУ!...

Мына короновирус адамды шаршатты! Әсіресе, менің әйелімнің жүйкесі қылдай болды. Қисық мінезі пайда болды.

– Жаным... –дедім оны құшақтап.

– Әркімнің жаны өзіне, менің жанымда нең бар?...

– Таң атты. Осылай жата береміз бе?

– Жатсам, жарылып кетпейтін шығармын...

– Өкпелісің бе, әлі?

– Жоқ, қуанғанымнан ыржиып жатырмын!

– Төуу, тура сөйлеші...

– Тура сөйлемесем, турап жейін деп пе едің?

– Алтыным менің!

–Сол танысқан Алтынынды құшақтай бер!

– Жоқ, сені алтыным деп жатырмын.

–Мені жез, қалайы, темірім десең де жетеді...

– Қойшы...

–Сиыршы...

– Ашуланамын енді... Сабыр сақта...

– Сабыр сары май емес, сақтайтындай!

– Өшір үнінді деймін! –деп ашулана бастадым мен.

–Үнімде свет жоқ...

– О, шешеңнің...

– Атын әлі білмейсің бе?

– Миымды жеме!

– Аштан өлді дейсің бе?

– Осы менің шешем саған неге жақпайды? Туған күнімен құттықтап, алтын сырға әперсем, құлағынан түсіп қала ма?

– Құлағынан түсіп қалса, іздеп жүрейін бе?

– Сенде бет жоқ екен!

– Сатып әперейін деп пе едің?

– Ноқатың кем...

– Түгендеп бер...

– Темекі шекпе деймін, көрпеміз өртенеді!

– «Пожарный» шақыр...

– Қатипаш, шаршаған жоқсың ба?

– Шаршасам, көтеріп жүрейін деп пе едің?

Орнымнан тұрып, өзім шәй дайындадым. Беті- қолымды жуып болған соң, жатын бөлменің есігінен сығаладым.

– Қатипаш, бетіңді жу.

– Түкіріктеп жуа салам.

– Шәй ішейік.

– Кеше ішкенмін...

– Ей, мозга...

– Сондай кино көрдің бе?

– Басым қатты деймін!

– Енді бас деген жұмсақ болмайды ғой?

– Әндетейін бе? Мүмкін өкпең жазылар? «Сенің анаң алтын, менің анам алтын...» Жүр, сенің мамаң, менің енемді туған күнімен құттықтап, құлағына алтын сырға тағып келейік!

Сол екен, әйелім ұшып тұрып, мені құшақтай алды.

– Құшақтама, тынысым тарылып кетеді...

Ол менің бетімнен сүйді...

– Сүйме, бетімдегі ұшығым жарылып кетеді...

Көң арасында жатқан көңілі көтеріліп, Қатипашым екеуміз шәйді көңілді іштік... Тек анамды ұялы телефоным арқылы СМС-пен құттықтап үлгердім... Ой, атаңа нәлет, короновирус–ай, әйелімді қалай–қалай өзгертіп жібергенсің?

Мұхтар ШЕРІМ.

НАШАҚ?

Құрметті оқушым, қазір ұялы телефоныңыздағы жазбалар мен аудио дауыстарыңыз тыңдалады екен. Үш әріп жақтан. Сондықтан, сөздерді керісінше оқуларыңызды өтінемін.

Ешек ріб мысод ідлек..

–Нашақ йоқ енітсү йағротзоб ыдйалақтрымұж?–пед ыдарус ло.

–Йадұқ асалақ.

–Нашақ?

–Зымылйанұм, низнеб назра аб?

–Қож.

–Неткілйедек қыдлытұқ ап?

–Қож.

–Та йеднілебөт ралйаб анағ тахар рімө пірүс рытаж. Зіб еш?

–Қож.

–Едле телідә нашақ ыдйанро?

–Йоқ енітсү ралйағротзоб пөөк яұ пылас аднағатсат.

–Нашақ?

–Рало нірәб пеж іттіб йоғ! Егзіб ыдлақ ам?

–Қож.

Танысым менімен қоштаспастан, «Нашақ? Нашақ?» деп сөйлеп бара жатты. Мен де керісінше сөйлеп: «Нашақ? Нашақ? –деп күбірлеп келемін. Шынында, қой үстіне нашақ бозторғай жұмыртқалайды екен?

Мұхтар ШЕРІМ.

Сұрама

Көлдің де жайын сұрама
Бетіне қыста мұз қатқан.
Елдің де жайын сұрама
Аманат жүгі зілбатпан.
Баланың жайын сұрама
Батпақта жатып тіл қатқан.

Ауылдың жайын сұрама
Ғапыл да болған ғажабы.
Ақынның жайын сұрама
Ашқылтым тартқан ғазалы.
Ақсақал жайын сұрама
Аузынан қашқан азаны.
Ұл-қыздың жайын сұрама
Әлдекімдердің мазағы.

Намысым қайда кешегі
Еңсесі көкпен ендескен?
Арысым қайда кешегі
Ата бір жаумен белдескен?
Шешенім қайда кешегі
Шекпенділермен шендескен?
Көсемім қайда кешегі
Төскейде туып, төрде өскен?

Белдігің қайда кешегі
Бектерше бекем буынған?
Ерлігің қайда кешегі
Қынаптан қылыш суырған?
Теңдігің қайда кешегі
Тебінгі термен жуынған?
Өрлігің қайда кешегі
Өзекті өрттей қуырған?..

Жетесіз неге көбейді
Жесірдің жасын жек көрген?
Жетпегір неге көбейді
Жетімнің асын жеп келген?
Доңызың неге көбейді
Бөксеге қарнын бөктерген?
Қоңызың неге көбейді
Күндіз де түні боқ терген?

Ат жалын тартып мінбесе,
Бағыланың оғлан бола ма?
Біріңді бірің күндесең,
Орданың ісі оңа ма?
Баянды бабын білмесең,
Басыңа бақыт қона ма?
Кежегең кейін тартқанша
Келсең бір етті тобаңа?!

Исрайыл САПАРБАЙ

Сыбайлас жемқорлықпен күресті басты бағдар етіп алған «Айқын» газетінің «Ара» қосымшасы Nur Otan партиясының қолдауымен жарыққа шықты.

NUR MEDIA
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

AIQYN
ARA
«Айқынның» сатиралық қосымшасы

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Көпен ӘМІРБЕК
Редактор

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ
беттеуші

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы,
Қонаев көшесі, – 12/1
Байланыс телефоны:
Нұр-Сұлтан (7172) 72-95-46.
e-mail: ara-kz@mail.ru

Кезекші редактор
Рая МІНАП

Тапсырыс №128 (3487)
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77

Студенттер пәтер таппай жүр

Онсыз да елімізде баспана бағасы қымбаттап жатқанда, қалаларда пәтер жалдау ақысы да күрт шарықтап кетті. Студенттер дәстүрлі форматта оқиды дегеннен, соңғы бір ай ішінде олар қалаға ағыла бастаған. Әсіресе, Алматыда жалға берілетін пәтер құны 2-3 есе өсіп, жұртты сарсаңға салды. Жатақханаларда орын тапшы, ал жастар мен ата-аналар қымбат пәтерді жалдауға қалталары көтермейтінін айтып отыр. Бұл қымбатшылықтың қолдан жасалғаны айдан анық. Бірақ студенттердің халін кім ойламақ?

Мадияр ТӨЛЕУ

СҰРАНЫСТЫҢ «КӨКЕСІ» ОСЫ ЕКЕН ДЕП...

Қазір бұл мәселе ушығып тұр. Әлеуметтік желіде жастар жаппай наразылық білдіріп жатыр. Бірақ олардың пікірін орынсыз дей алмаймыз. Әрине, жаңа оқу жылы таяғанда студенттердің қалаға ағыларын біліп, пәтер жалдау құны қымбаттайтын әдет бұрыннан бар еді. Әйткенмен, бұл жолғы қымбатшылықтың жөні бөлек. Ел бойынша студенттердің ең көп тұрақтаған қаласы Алматыдағы бағаларды қарап, еріксіз жаға ұстайсыз. Пәтерді жалға беру жайлы жарнамаларды шолып отырып, осыны ұқтық. 2-3 жыл бұрын Алматыдан бір бөлмелі пәтерді 80-90 мың теңгеге жалдауға болатын. Табу аса қиындық тудырмайтын. Ал қазір құрығанда баға 150 мыңнан басталып, екі бөлмелі пәтерлер 200-300 мыңға дейін өсе береді. 20-30 мың теңге шәкіртақы алатын студенттер үшін мұның ауыр екені айтпаса да белгілі. Тағы бір мәселе – жалдамалы пәтер бағасы үй жағдайымен мүлдем сәйкес келмейді. Қазір Алматының шеткі аудандарының өзінде жағдайы нашар 1 бөлмелі пәтер үшін айына 130 мың сұрап тұр. Оның үстіне, көп пәтер иелері «студент» десе ат тонын ала қашатын байырғы әдет тағы бар. Ал Бостандық, Медеу және Алмалы секілді аудандардағы бағалар олардан әлдеқайда қымбат. Пәтер иелері мен риэлторлар мұның сұраныстан қалыптасқан жағдай екенін айтып ақталғандай болады. Бәрінің сылтауы – баяғы бір пандемия.

КАРАНТИН СЫЛТАУҒА АЙНАЛЫП КЕТПЕДІ МЕ?

Осы күні кез келген саладағы қымбатшылықты «пандемия, карантин» тәрізді сөздермен ұштастырып, ақтап алуға тырысатын әдет қалыптасып кеткен сияқты. Былтырғы оқу жылында студенттер онлайн оқыды, соған сай қаладағы пәтерлерге сұраныс та аздау болды. Енді жастар қалаға оралады дегеннен пәтер иелерінің араны ашылып кеткені сөзсіз. Шыны керек, елдегі пандемия ешкімге оңай тимеді. Ал арман қуып, үлкен қалаға келген жастарға тіпті қиын. Мұндай жағдайда тек адамгершілік секілді құндылықтар мәселені шешетіндей көрінеді. Пәтер иелері өзге бизнес өкілдері сияқты мемлекетке салық төлемейтінін білеміз. Алайда «неге сонша баға шарықтап кетті» десек, жағдайдың қолдан жасалғанын аңғару оңай. Жоғарыда айтқандай, баға мен сапа бір-біріне пропорционал емес.

Сарапшылар үй иелерінің жалға беру құнын жыл сайын тамыз бен қыркүйек айында көтеріп отыратынын айтады. Оның үстіне, студенттердің көптігі де бағаға әсер етеді екен. Бір анығы, 1 шаршы метрдің құны осы кезде 30 пайызға дейін өскен. Осы тұста мәселеге қатысты жылжымайтын мүлік саласының маманы Нұрсұлтан Сафарғалиевтің пікірін білген едік.

– Барлығы маусымдық сұранысқа байланысты. Студенттер қалаға келгеннен кейін үлкен мегаполисте сұраныс сөзсіз өседі. Тек студенттер емес, жұмыс істеуге келетін азаматтар бар. Құрылыс заттарының қымбаттағанын алға тартып, пәтер иелері бағаны көтереді. Ал риэлторлықпен айналысатын компаниялар бағаны белгілемейді. Бағаны белгілейтін – үйдің иесі. Олар риэлторлардың ығына көнбейді. Айналып келгенде пәтер жалдаудың қымбаттауы баспана бағасының шарықтауымен байланысты, – дейді ол.

Бұған жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесі де әсер еткендей. Еліміздегі жатақханалардағы орын санының қысқаруы осылай екінші проблеманың шетін шығарды. Бірінші кезекте жатақханаға 1-курс студенттері орналастырылады. Одан кейін университет қабырғасында белсенділігімен көзге түскендерге орын тиеді. Сосын қалғандарының үлгергені алып, үлгермегені қалады. Студент үйіне кіргізілмейтін тәлімгерлер пәтер жалдап тұруға мәжбүр болатыны сөзсіз. 2019 жылы Үкіметте Білім беру мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарамасын бекіту жайы сөз болған еді. Сонда жатақханаларды орындармен қамтамасыз ету үшін 2022 жылдың соңына қарай 75 мың орын пайдалануға берілетіні айтылған. Сол жылы 8 мың орын ашылған екен. Әйтсе де, былтыр пандемия болып, студенттер онлайн оқыған кезеңде жатақхана мәселесі әңгімеге арқау болмай қалды. Студенттер санының көбейіп жатқанын ескерсек, бұл мәселе кезек күттірмеуі қажет. Қазір елдегі студенттерге жатақханадан қанша орын жетіспейтіні жайлы нақты дерек жоқ. Бірақ осы ағынмен жүріп, жағдай әр жыл сайын қайталана берсе, бір мәселенің айналасында шарқ ұрып жүре беретінге ұқсаймыз.

Бүгінде студенттердің бұл жағдайға көндігіп, бірігіп пәтер жалдаудан басқа амалы жоқ. Шарықтаған баға алдағы бір-екі айда түсе қоймайтыны анық. Осылай үміт арқалап, қалаға аттанған студенттерге оқудан бұрын, баспана қайғы болып тұр.

Aiqyn газетінің ұжымы басылымның корректоры Жанна Шамоваға анасы

Үміт ӘБДІҒАЛИҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ағаш отырғызуға арналған геосервис

Жақында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде 2 млрд ағаш отырғызу бойынша интерактивті картаны таныстыру өтті. Бұл карта «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ инженерлері «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» РМҚК тапсырмасы бойынша әзірленді.

Президент 2020 жылы 1 қыркүйектегі Жолдауында 2 млрд ағаш отырғызуды қамтамасыз етуді және осы жұмыстардың орындалу барысын бақылау үшін интерактивті карта әзірлеуді тапсырған-ды. Еліміздің орман қорларында ағаш отырғызу бес жыл бойы жүзеге асырылады. Яғни, 2021 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл акция іске асса, ел іші жасыл желекке оранады.

Карта жайына келсек, онда ағаш отырғызу процесін мониторингілеу үшін әзірленген геосервисті таныстыру барысында оның мүмкіндіктері толық таныстырылды. Оның ішінде инспекторлардың жергілікті жерлерде картографиялық ақпаратты өз бетінше енгізуі арқылы көшет отырғызу туралы ақпаратты толтыру және көрсету бар.

Бұл геосервис 14 облыс аумағында ағаш отырғызудың шолу картасын қамтиды.

Жобаның негізгі пайдасы – Қазақстан аумағын көгалдандыру. Жерді қашықтықтан зондтау негізіндегі интерактивті карта халыққа мобильді нұсқада қолжетімді болады деп жоспарланып отыр. Барлық мүдделі тұлғалар, қоғамдық ұйымдар және еліміздің әрбір азаматы осы жұмысты бақылап қана қоймай, өз ұсыныстары мен ескертулерін уәкілетті органға жібере алады.

Мамандардың айтуынша, интерактивті картада мекеменің, филиалдың және орманшылықтың атауы (бар болса), орам, телім, гектардағы алаң, егу немесе отырғызу сараланып, ағаштардың тұқымы мен саны, бұрын отырғызылған орман дақылдары туралы мәліметтер қамтылады.

Түгендеу деректері бойынша тұқымдар бөлінісінде жалпы және өндіруші алаңдар, себу жылы, отырғызу материалдарының саны ескеріледі. Бұл тізімге, сонымен қатар тұқым жинау, сатып алу және отырғызу материалын қазу туралы ақпарат кіреді.

Жоба Экология министрлігінің оң бағасын алған. Қазір деректерді әзірлеу және геопорталға жүктеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Перзентханадағы жемқорлық неге тыйылмайды?

Перзентхандағы жемқорлық мәселесі жиі талқыға түседі. Осы турасында екіұдай пікір бар. Бірі – дәрігерлерді үйретіп алған халықтың өзі десе, екінші тарап әйелдердің құқын білмеуі мен процесс барысындағы білімсіздігін алға тартады. Расымен, дәрігерлерде мұндай құлқын қайдан пайда болған? Әлде, ә дегеннен айтқанын істеп үйреткен адамдардың өзі ме?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

БІЛГІШ БОЛСАҢ, ӨЗІҢ БОСАНЫП АЛ

Мұндайда бірден Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласында болған оқиға еске түседі. Өйткені жағдайды естігенде жұрт жағасын ұстаған-ды. Алғашқысында әйел туыстарына перзентханадағы жемқорлық шегіне жеткенін айтып көмек сұраған. Кейіннен 4 наурыз күні оның қайтыс болғаны туралы ақпарат тарады. Ал Нұр-Сұлтан қаласындағы №1 перинаталды орталықта болған оқиға тіпті күрделі. Себебі мұнда осыған ұқсас жағдай жиі болады, бірақ жарыққа шығатыны аз. Егер елордадағы перзентханалар жайлы пікірлерді оқи қалсаңыз, арыз-шағымның бәрі осы орталыққа қарсы жазылған. Сонымен, бастапқыда өзінің жағдайын айтып, қан кетіп қалмауын сұрағанында акушер «білгіш болсаң, өзің босанып ал» деп кетіп қалған. Гүлвира Исаева алтыншы сәбиін жалғыз өзі дәлізде босанған. Сәбидің жерде жатқанын байқаған санитар оны көтеріп, анасына берген. Осыдан кейін көпбалалы ана «ЭКСПО-ның жанында, елорданың өзінде жағдай осындай болса, өңірлерді елестете алмаймын»,– деген-ді.

Осыған ұқсас деректер ел назарына іліксе, Денсаулық сақтау басқармалары «тексереміз, анықтаймыз» деуден ары аса алмайтыны бар. Жоғарыда Алматыда болған оқиғада да басқарма солай жауап берген-ді. Біз де елордадағы басқармадан жыл сайын қанша әйелдің кесер тілігіне жүгініп, жемқорлық дерегі тіркелетінін сұрағанымызда «жауап береміз» деп ізім-қайым жоқ болды. Өйткені еліміздегі медицинаның осал тұсы перзентхана екені мәлім. Адам өмірі, ана мен бала денсаулығы дегенде шара қолдануға көпшілік қауқарсыз. Себебі баяғыдан жалғасып келе жатқан «жүйе» бойларына сіңіп, тамыр жайып кеткен. Мұны біз пандемия тұсындағы жүкті әйелдердің жанайқанынан да, кейінгі оқиғалардан да байқаймыз. Ал кейде «халықтың өзі дәрігерлерді дәндетіп үйретіп алған ба?» дейтін ой келеді-ақ.

«Жақында ғана босандым. Ашық түрде ақша талап еткен ешкім болмады. Қасымда енем бірге жүрген. Кейінірек сұрасам, «бәріне сұрағанын бердім» дейді. Енем халық өзі дәрігерлерді жаман үйретіп тастағанын, сұрағанын бермесең қарамайтынын айтты. Күн сайын неше түрлі жағдайды естім жатырмыз. Баласын аман-есен қолына алғысы келгендер қолынан келгенін жасауға тырысады», – дейді Ақмоншақ Жорабай.

«СҮЙІНШІНІ» ҚОЛМА-ҚОЛ АЛМАЙТЫНДАР БАР

Мегаполистегі жағдай турасында білгесін, өңірлерге үңіліп көрдік. Денсаулық сақтау басқармасындағылар еліміздегі ана мен бала өлімі азайғанын айтса да, қалашықтағы оқиғалар тізбегі жалғаса береді. Аймақтардағы кадр тапшылығы бітпейтін кезек, салғырттық, біліксіздік халық санын көбейтуге тосқауыл қойып отыр. Жемқорлықтың тамыр жайғаны сонша, қанша ана мен бала өлімі болса да, емхана басшылығы ауыспайтын орындар бар. Мәселен, Жаркент жұрты қаладағы перзентханадағы оқиғаларды БАҚ өкілдері арқылы үздіксіз қозғаудың арқасында биыл басшы ауысты. Әйтпесе, аймақта елді елең еткізген бірнеше жағдай тіркелген-ді.

Ал Ақтау қаласында тұратын жас ананың оқиғасы тіптен бөлек. Ол толғақ уақыты келгесін таңғы сағат 6-да Ақтау қаласындағы №28 перзентханаға барған. ПТР-тест тапсырып үлгермегендіктен, біраз күтуіне тура келген. Енді жеңілденейін дегенде алдынан тосынжай күтіп тұрған екен.

«Акушер дөрекі қарым-қатынас жасап, бірінші жүктілігім екенін біле тұра, тиісті көмек көрсетпеді. Тыныс алу техникаларын жасауға нұсқау бермегендіктен, 18 сағат бойы толғаттым. Сұрақ қойсам дүрсе қоя берді. Баланың басы шыққанша жанымда келген жоқ, көрші бөлмеде жүрді. Кейіннен білдім, көрші бөлмеде танысының әйелі толғатып жатыпты. Сол бөлмеге қайта-қайта дәрігерлер барып, акушер асты-үстіне түсті. Ал баламды кеудеге қойған кезде «баланың кіндік шешесі менмін, нөмірімді жазып ал» деді. Таңғалғаннан есімді жия алмай жатсам, қайта айналып келіп, «менің де, врачтың да Kaspi счеті осы нөмірде» демесі бар ма?! Үйдегілерге хабарласқанымды көріп, бірден «ақшаны қолма-қол алмаймын, беретіндерін Kaspi-ге аударсын» деді. Перзентханадан шығуға дайындалып жатқанымда бөлмеге бір әйел орналасты. Жаңағы акушер оны көре сала, «сен бәленбайдың сіңлісі екенсің ғой. Кез келген жағдай болса маған айт» дегені бар. 15 минут сайын қайта-қайта келіп, хал-жағдайын сұрап тұрды. Осы көрініске қарап-ақ танысын мен ақшаң болмаса, ажалмен бетпе-бет келетініңді түсіндім», – деді Н. есімді Ақтау қаласының тұрғыны.

ҚОҒАМНЫҢ ДЕРТІ – БІЛІМСІЗДІК

Иә, қайсысынан сұрасаң да ыңғайын келтірмесең қарамайтынын айтады. «Сонда ана мен бала мәртебесі, пациенттің құқығы қайда қалды?» деген ойға қаласың.

«Перзентханада ақшаны өз еркіммен бердім. «Бермесең қарамайды» дегесін келісе кетесің. Алайда ақшаны босанғаннан кейін бердім. Қасымда акушерлер басынан бастап жүрмегенін ақшаны кештеу бергеніммен байланыстырдым. Толғақ кезінде арасында келіп-кетіп жүріп, баланың басы шығып жатқанда ғана соңына дейін көмектесті», – дейді Әсел Жәнібекқызы.

Бұл алғаш рет босанған ананың әңгімесі еді. Осыдан кейін сұрақты тікелей акушер-гинекологке қойдық. Оның айтуынша, әйел құқы мен денсаулығы туралы ақпаратты толық білсе болғаны. Мәселен, жүктілігі асқынған әйелдерде гистоз диагнозы болады. Ол кезде әйелді перинаталды орталыққа жібереді. Жедел жәрдем де уақытында тасымалдайды. Аталған процесті жете білсеңіз, ешкім сізден ақша талап ете алмайды.

«Егер сіз ақпаратты толық білсеңіз, ешкім сізден ақша сұрамайды. Ақша сұраған күннің өзінде ойланып әрекет ету керек. «Біз сені отаға алып кіреміз, 60 мың теңге бер» десе, тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша келгеніңізді, ақы төлеудің себебін сұраңыз. Сонда дәрігерлер сізге түсіндіріп әуре болады. Одан кейін қызметтің ақысын кассаға төлейтініңізді, чек шығарып беруін сұраңыз. Мұндайда дәрігерлер не дерін білмей, «мына әйел не істеу керегін біледі, басыма бәле болады» деп кейін шегінеді. Қарап тұрсаңыз, ақпарат пен білімнің аздығынан әйелдер алданып қалады. Білуімше, олар «маған жақсы қарасын» деп ақша ұсынады. Есіңізде болсын, ақша бермесеңіз де кезекші дәрігер мен акушер қарайды. Ал «ақша берсем акушер жанымда отырады» деген тіпті дұрыс емес. Өйткені кезекші дәрігер тексеру кезінде, акушер 30 минутта бір рет бөлмеге келеді. Бәрі әйелдің өзінің қолында», – дейді акушер-гинеколог Аягөз Жұманәліқызы..

NUR MEDIA AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор

Асқар БЕК – веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3985
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Рая МІНАП